

Қазақстан үшін көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары 2024-2027



COUNCIL OF EUROPE



CONSEIL DE L'EUROPE

Қазақстан үшін көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары 2024-2027

GR-EXT (2023)6
5 қазан 2023

Құжат Бағдарламалар Бас дирекциясының бюросымен дайындалған

*Құжат 2023 жылғы 18 қазанда Еуропа Кеңесінің Министрлер комитетімен бекітілген
(CM/Del/Dec(2023)1478/2.10)*

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАХАТ

Қазақстанның билік органдарымен бірлесе отырып әзірленген "2024-2027 жылдарға арналған Қазақстан үшін Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары" Қазақстанға демократиялық түбегейлі өзгерістер барысында көрсетілетін тұрақты қолдауды біріктіруге және адам құқықтарына, заңның үстемдігі мен демократияға байланысты міндеттерді шешуге бағытталған.

Қазақстанмен арадағы қалыптасқан қарым-қатынас 2011 жылы Еуропа Кеңесі құрған Тату көршілік саясатын іске асыру есебінен Еуропа Кеңесінің ұлттық демократиялық реформаларға қатысты сараптамалық тәжірибесінің салаларында үнемі нығайып отырды.

2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасына "Қазақстан үшін Көршілес елдермен ынтымақтастықтың 2014-2018 жылдардағы басымдықтары" және "Еуропа Кеңесінің Қазақстан үшін Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары (2019-2023)" құжаттарының шеңберінде көмек берілді. Ел Еуропа Кеңесімен жаңа міндеттемелер алуға, әсіресе оның бірқатар конвенцияларына қосылу туралы өтініш беру арқылы алуға дайын екенін көрсетті. 2020 жылғы сәуірде Қазақстанға Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенцияға (Ыстамбұл конвенциясы) қосылу және оған қосылу процесін ілгерілету мақсатында техникалық көмек көрсету туралы ұсыныс жасалды. Қазақстанға сондай-ақ 2022 жылғы шілдеде Сыбайлас жемқорлық туралы конвенцияға (ETS № 173) және 2023 жылғы сәуірде Киберқылмыс туралы конвенцияға (ETS № 185) қосылу ұсынылды.

Сонымен қатар, Қазақстан 2020 жылғы 1 қаңтарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобының (ГРЕКО) мүшесі болды және 2022 жылы бірлескен бірінші және екінші бағалау раундтарынан өтті. Қазақстан Республикасы Конституциялық және институционалдық реформалар саласында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мен Конституциялық кеңестің қызметін реттейтін құқықтық базаны жақсарту үшін 2021 және 2022 жылдары Венециялық комиссияның үш қорытындысын сұратты.

Соңғы уақытта мемлекет «Жаңа Қазақстан» саясатына сәйкес мемлекеттік сектордың бірнеше реформасын жүзеге асыруға кірісті. Атап айтқанда, 2022 жылы Конституцияға түзетулер енгізілді. Үкімет сондай-ақ әлеуметтік параметрлерге баса назар аудара, әлеуметтік, экономикалық және геосаяси мәнмәтінді өзгерте отырып, қосымша институционалдық өзгерістер енгізілетінін мәлімдеді.

Көршілес ынтымақтастықтың жаңа басымдықтары шеңберінде Еуропа Кеңесі мен Қазақстан Республикасының билік органдары 2014 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан ынтымақтастықтың жетістіктерін, атап айтқанда Еуропа Кеңесінің конвенцияларына қосылуға ынталандыру және ұлттық реформалардың күн тәртібіндегі жаңа басым салаларда ынтымақтасуды бастау жолымен дамыту туралы келісті.

Адам құқықтары саласында көрші ынтымақтастықтың басымдықтары туралы жаңа құжат, атап айтқанда, қатыгездік көрсетуге жол бермеуге, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күресуге және балалардың құқықтарын қорғау саласында ілгерілетуге бағытталады. Адам құқықтары саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарға сай келетін ұлттық заңнама мен іс-тәжірибені қолдану саласындағы заңгерлердің әлеуетін арттыруға ерекше назар аударылмақ.

Экономикалық қылмысқа қарсы күрес осы құжаттың өзегі болып қала береді. Соңғы бірнеше жылдың жетістіктерін біріктіре отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы ГРЕКО ұсыныстамаларын орындаудағы ұлттық билік органдарының әлеуетін нығайтуға ерекше назар аударылатын болады. Сондай-ақ халықаралық стандарттар мен Еуропа Кеңесінің АІЖ/ҚҚК стандарттарына сәйкес Ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес (АІЖ) және Лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес (ТҚК) саласындағы ынтымақтастық (Еуропа Кеңесінің қылмыстық істерден түскен кірістің ізін жасыру, оны іздестіру, тыйым салу және тәркілеу және лаңкестікті қаржыландыру туралы конвенциясына ерекше назар аудара отырып) жандандырылатын болады (№ СЕТS 198 – Варшава конвенциясы).

Еуропа Кеңесі киберқылмыс саласындағы заңнаманы Еуропа Кеңесінің стандарттарына сәйкес келтіріп, киберқылмыс проблемаларын шешу мен электрондық айғақтар бойынша ұлттық әлеуетті арттыруға жұмсалатын елдің күш-жігерін қолдауға ұмтылады. Ынтымақтастықтың жаңа басымдықтарының бірі – адам саудасына қарсы күрес, сондықтан еуропалық және халықаралық

стандарттарға сай барынша айқымды заңнамалық және институционалды бағдарламаларды әзірлеуге басты назар аударылмақ.

Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен тиімділігін арттыру мақсатында Еуропа Кеңесінің қолдауы басқалардың қатарында сот органдарының тәуелсіздігіне қатысты ұлттық бағдарламалардың еуропалық стандарттарға сай болуын жақсартуға және әділ сотқа қол жеткізу мүмкіндігін арттыруға бағытталатын болады.

Демократия саласында орталықсыздандыру процесін қолдау, әсіресе Жергілікті және өңірлік билік органдарының конгресі мен Лайықты басқару жөніндегі сараптама орталығы (ЛБСО) тарапынан құқықтық базаны нығайтып, жергілікті және өңірлік билік органдарының ұлттық қауымдастығын құру бойынша берілетін көмек арқылы көрсетіледі. Демократияны нығайтудағы және адам құқықтарын қорғаудағы парламенттің рөлін нығайту Еуропа Кеңесі Парламенттік ассамблеясының (ЕКПА) қолдауы арқылы ерекше назар аударуды қажет етеді.

Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасының мақсаты – Қазақстан Республикасына *БҰҰ 2030 тұрақты даму саласындағы күн тәртібінің Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму бойынша мақсаттарын* (ОДМ), атап айтқанда 4, 5, 8, 10- және 16-шы мақсаттарын, 5-ші және 16-шы мақсаттарға ерекше көңіл бөле отырып жүзеге асыруда қолдау көрсету.

Осы Көршілес ынтымақтастық басымдықтары бағдарламасының жалпы бюджеті 8 120 000 еуроны құрайды. 197 530 еуро көлемінде қаржы қамтамасыз етілді, ал 2024-2027 жылдарға арналған басты жұмыстарды толық жүзеге асыру үшін қосымша қаржыландыру қажет.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАХАТ | 2 |
| МАЗМҰНЫ..... | 4 |
| ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР ТІЗІМІ | 5 |
| I БӨЛІМ – КІРІСПЕ | 7 |
| 1.1 ЖАЛПЫ ШОЛУ | 7 |
| 1.1.1 Еуропа Кеңесінің Көршілес өңірлерге қатысты саясаты | 7 |
| 1.1.2 Ынтымақтастықтың мақсаттары..... | 8 |
| 1.1.3 Еуропа Кеңесі және Қазақстан Республикасы | 8 |
| 1.1.4 Еуропа Кеңесінің техникалық көмек бағдарламаларының қосатын үлесі | 9 |
| 1.2 КӨРШІЛЕС ЕЛДЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ | 11 |
| II БӨЛІМ. 2024-2027 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ | 12 |
| 2.1 АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ | 12 |
| 2.1.1 Адам құқықтарын қорғау | 13 |
| 2.1.2 Теңдік және адамның абыройы | 17 |
| 2.2 ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ | 19 |
| 2.2.1 Заңның үстемдігіне негізделген мекемелер | 20 |
| 2.2.2 Қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың қауіпсіздігі және оларды қорғау | 24 |
| 2.3 ДЕМОКРАТИЯ | 29 |
| 2.3.1 Парламенттік Ассамблея | 29 |
| 2.3.2 Демократиялық басқару | 30 |
| III БӨЛІМ – ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ | 31 |
| 3.1 ӘДІСНАМА..... | 31 |
| 3.2 БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ЖЕТУГЕ ҮЛЕС ҚОСУ | 34 |
| 3.3 ҮЙЛЕСТІРУ | 37 |
| 3.4 ҚАРЖЫЛАНДЫРУ | 37 |
| 3.5 БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ | 38 |
| I ҚОСЫМША: ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ | 40 |
| II ҚОСЫМША: ТӘУЕКЕЛДЕР ТІЗІЛІМІ | 49 |
| III ҚОСЫМША: ҚАРЖЫ-ҚАРАЖАТ КЕСТЕСІ | 53 |
| IV ҚОСЫМША: ВЕНЕЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ДАЙЫНДАҒАН ПІКІРЛЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ..... | 54 |
| V ҚОСЫМША: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕУРОПА КЕҢЕСІНІҢ ТИІСТІ КОНВЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ІШІНАРА КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚОСЫЛУ КҮЙІ | 55 |

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР ТІЗІМІ

| | |
|-----------------------|--|
| СЖКА | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі – Қазақстан Республикасы |
| АІЖ/ЛҚҚК | Ақшаның ізін жасыруға/Лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес |
| Будапешт конвенциясы | Еуропа Кеңесінің Киберқылмыс туралы конвенциясы |
| ЕСКК | Еуропалық Судьялардың консультациялық кеңесі |
| ЕПКК | Еуропалық Прокурорлардың консультациялық кеңесі |
| ДБЕК | ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ Еуропалық комитет |
| ЛБСО | Лайықты басқару жөніндегі сараптама орталығы |
| ӘПЖЕК | Әділсоттың пәрменділігі жөніндегі Еуропалық комиссия |
| Хартия | Еуропалық әлеуметтік хартия |
| Конвенция | Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция |
| Конвенция 108 | Дербес деректерді автоматты түрде өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы конвенция |
| МК | Еуропалық Кеңестің Министрлер Комитеті |
| Конгресс | Еуропа Кеңесінің Жергілікті және өңірлік билік органдарының конгресі |
| БҮК | Бағдарламаларды үйлестіру директоры |
| ЕАТ | Ақшаның ізін жасыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі Еуразиялық топ |
| Еуропалық сот | Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот |
| ЕО | Еуропа Одағы |
| ҚББ | Қаржылық бақылау бөлімшесі |
| ҚББ | Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі |
| ГРЕКО | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы |
| ГРЕТА | Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы іс-қимыл бойынша сарапшылар тобы |
| GR-EXT | Халықаралық қатынастар бойынша баяндамашылар тобы |
| ГРЕВИО | Еуропа Кеңесінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бойынша сарапшылар тобы |
| ЗАОБ | Заңгерлерге арналған адам құқығы саласындағы Еуропалық оқыту бағдарламасы |
| Ыстамбұл конвенциясы | Еуропа Кеңесінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенциясы |
| Лансароте конвенциясы | Еуропа Кеңесінің Балаларды нәпсілік пайдаланудан және нәпсілік қорлаудан қорғау туралы конвенциясы |
| Маколин конвенциясы | Еуропа Кеңесінің Спорттық сайыстармен айла-шарғы жасау туралы конвенциясы |
| ПМ | Парламент мүшелері |
| СЖАОЖ | Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі органдардың халықаралық желісі |
| ҚЫБ | Қазақстан Республикасы үшін көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары, 2024-2027 жылдар |

| | |
|-----------------------|---|
| ҮЕҰ | Үкіметтік емес ұйым |
| ЕҚЫҰ | Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы |
| ЕКПА | Еуропалық Кеңестің Парламенттік Ассамблеясы |
| ЖБӨ | Еуропа Кеңесінің жобаларды басқару әдіснамасы |
| Сент-Дени конвенциясы | Еуропа Кеңесінің футбол матчтары мен басқа да спорттық іс-шараларда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және оларға қызмет көрсетуге жан-жақты көзқарас туралы конвенциясы |
| ОДМ | Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму бойынша мақсаттары |
| БҰҰ | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| Венециялық комиссия | Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия |
| Варшава конвенциясы | Еуропа Кеңесінің қылмыстық қызметтен түскен табыстың ізін жасыру, іздестіру, тыйым салу және тәркілеу туралы және лаңкестік қаржыландыру туралы конвенциясы |

I БӨЛІМ – КІРІСПЕ

1.1 ЖАЛПЫ ШОЛУ

1.1.1 Еуропа Кеңесінің Көршілес Өңірлерге Қатысты Саясаты

2011 жылғы 11 мамырда Ыстамбұлда өткен өзінің 121-ші сессиясында Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитеті (МК) Бас Хатшының Еуропа Кеңесінің көрші елдерге қатысты саясаты бойынша ұсыныстарын құптады. Олардың мақсаты Еуропа Кеңесімен адам құқықтары, заң үстемдігі мен демократияның ортақ құндылықтары негізінде ынтымақтасуға дайындық білдірген Еуропаның айналасындағы елдермен және өңірлермен сұхбат пен ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады. МК сондай-ақ Бас Хатшыға осы саясатты жүзеге асыру бойынша іс-әрекеттер жоспарын әзірлеуді ұсынды.

Еуропа Кеңесінің нақты елдердің мұқтаждықтарына бағдарланған, көршілес өңірлерге қатысты саясаты Солтүстік Африкадағы, Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы серіктесіне арналып жобаланған және төмендегі үш мақсатты көздейді:

- тиісті елдердің демократиялық саяси өтпелі кезеңнен өтуіне жәрдемдесу;
- адам құқықтарын қорғау мен заң үстемдігін орнату арқылы адал мемлекеттік басқаруды ілгерілетуге көмектесу; және
- шекарааралық және жаһандық қатерлермен күресудегі Еуропалық Кеңестің өңірлік іс-әрекеттерін белсендіру және кеңейту.

Бұл саясат Еуропа Одағымен (ЕО) тығыз серіктестікте, МК құптаған ықпал ету тәсілдерінің, атап айтқанда оның төменде көрсетілген негізгі екі құрамдасының негізінде жүзеге асырылды:

- саяси деңгейде жүзеге асырылатын *Көршілес елдермен ынтымақтастық бойынша сұхбат*; және
- адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігі мен демократияны орнату саласында жүзеге асырылуға тиісті нақты ынтымақтастық бағыттарын белгілейтін Көршілес ынтымақтастық басымдықтары.

2017 жылғы 19 мамырда Никосияда өткізілген өзінің 127-ші сессиясында МК Еуропа Кеңесінің министрлерінің орынбасарлары мен Бас Хатшысына келешекте қандай іс-шараларды қабылдау керектігін шешу үшін көршілес өңірлерге қатысты саясаттың нәтижелерін бағалауды ұсынды. 2017 жылғы 3 қазанда министрлердің орынбасарлары Бас Хатшының 2011 жылғы Ыстамбұл қағидаттарының шеңберінде қол жеткізілген нәтижелерді негізге алуға, атап айтқанда Қазақстан Республикасымен ынтымақтастықты жалғастыруға бағытталған ұсыныстарын кеңінен қолдады (төмендегі "Еуропа Кеңесі мен Қазақстан Республикасы" бойынша 1.1.3-бөлімді қараңыз).

МК 2020 жылғы 4 қарашада Афинадағы өзінің 130-ші сессиясында¹ көршілес өңірлерге қатысты саясатты жүзеге асырудың Еуропа Кеңесінің және Солтүстік Африкадағы, Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы бенефициарлардың Ұйымның құндылықтары мен құралдарына негізделген ортақ құқықтық саланы құруда ілгерілетуге мүмкіндік бергенін ризашылықпен атап өтті. Сонымен қатар, осы саясаттың 10 жылдығы қарсаңында МК өз депутаттарына тиісті стратегиялық басымдықтар мен жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысынан оның географиялық ауқымы мен жағдайларын нақтылау және көлегейсіздігі мен тиімділігін одан әрі арттыру үшін оны қайта қарастыруды ұсынды.

Тиісінше, 2020 жылғы 12 қарашада Афина шешімдерін орындау бойынша жұмыстың шеңберінде МК өзінің Халықаралық қатынастар жөніндегі баяндамашылар тобына (GR-EXT) Еуропа Кеңесінің көршілес өңірлерге қатысты саясаты 2011 жылы басталғаннан бері МК қабылдаған шешімдер тұрғысынан шолу жасауды, сондай-ақ оны жалғастыру туралы ұсыныстар енгізіп, бір жылдың ішінде баяндама жасауды тапсырды. 2021 жылғы 10 қарашада МК Еуропа Кеңесінің Бас хатшысының SG/Inf (2021) 14 "Еуропа Кеңесінің көршілес өңірлерге қатысты саясатын және Еуропа Кеңесінің жаһандық басқаруға қосқан үлесін қарап шығу" құжатын назарға алды және осы құжатта қамтылған ұсыныстарды жүзеге асыруға келісті². Ұйымның стратегиялық басымдықтары мен жүзеге асыру әлеуеті тұрғысынан, атап айтқанда, Еуропа Кеңесінің көрші өңірлерге қатысты саясатының «табысты параметрлерін біріктіру» ұсынылды. Шолуда сондай-ақ саясаттың

1. Министрлер комитетінің 130-шы сессиясы (бейнеконференция, Афина, 2020 жылғы 4 қараша) - 5. Еуропа Кеңесінің

көршілес өңірлерге қатысты саясаты https://search.coe.int/cm/pages/result_details.aspx?ObjectId=0900001680a03d77

2. Еуропа Кеңесінің көршілес өңірлерге қатысты саясаты және Еуропа Кеңесінің жаһандық басқаруға қосқан үлесі – а. Еуропа Кеңесінің көршілес өңірлерге қатысты саясатын және Еуропа Кеңесінің жаһандық басқаруға қосқан үлесін қарап шығу https://search.coe.int/cm/pages/result_details.aspx?objectId=0900001680a46ef4

шарттары түсіндіріліп, екі жақты көзқарастың тек кейбір елдерге ғана пайдалы болуы мүмкін екендігі атап өтілді. Онда сондай-ақ бенефициар елдердің саясатты ұстануының маңыздылығы, сондай-ақ Ұйымның өзінде және одан тыс жерлерде басқа серіктестермен, соның ішінде Еуропа Кеңесімен «көбірек үйлестірілген бағдарлама» қажет екенін атап көрсетті (осыған байланысты төмендегі 3.3 бөлімді қараңыз).

Сонымен қатар, 2023 жылғы 16-17 мамырда Еуропа Кеңесінің Мемлекеттер мен Үкімет басшыларының жоғары деңгейдегі 4-ші кездесуінде қабылданған *“Рейкьявик мағлұмдамасына”* Еуропа Кеңесінің сыртқы өлшемдерін ұлғайтуға бағдар алуы кіреді және атап айтқанда, оған мүше емес мемлекеттер үшін ашық конвенцияларға сілтеме жасалады.

1.1.2 ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Еуропа Кеңесінің көршілес өңірлерге қатысты саясатына сәйкес Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесінің арасындағы ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – адам құқықтарына, заңның үстемдігі мен демократияға байланысты мәселелерді шешуде Қазақстан Республикасына ықпалдасу арқылы жүріп жатқан демократиялық өзгерістер барысында елге көмектесу:

- 2014 жылдан бері "Қазақстан Республикасы үшін көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары"³ атты қатар екі құжаттың шеңберінде жүзеге асырылып жатқан ынтымақтастықтың жетістіктерін біріктіру және Еуропа Кеңесінің сараптамалық тәжірибесінің аясындағы сұраныстың негізінде ұлттық реформалардың басымдықтарына сәйкес ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын ашу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге және Еуропа Кеңесінің конвенцияларында келтірілген процедураларға сәйкес, Еуропа Кеңесінің мүше мемлекеттер үшін ашық сол конвенцияларды ратификаттауға билік органдарын ынталандыру жолымен Еуропа мен Қазақстан Республикасының арасында ортақ құқықтық аймақ құруға ықпалдасу бойынша әрекеттерді жалғастыру;
- еуропалық және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес, керегіне қарай жаңа заңнаманы әзірлеу мен пәрменді түрде жүзеге асыруда қолдау көрсету;
- адам құқықтарын қорғайтын мекемелер мен жаңа үкіметтік құрылымдардың құрылуына және тиімді түрде жұмыс істеуіне қолдау көрсету;
- Қазақстан Республикасы бұрыннан мүшесі немесе байқаушысы болып табылатын (төмендегі 1.1.3-бөлімді қараңыз) Еуропа Кеңесінің органдарында оның қатысуын нығайту және керек болған кезде оны Еуропа Кеңесінің басқа органдарына қатысуға ынталандыру;

Ынтымақтастық бойынша қазіргі рамалық бағдарлама Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесінің арасындағы 2024-2027 жылдардағы ынтымақтастықтың басымдықтарын белгілеудің икемді әрі серпінді стратегиялық құралы болып табылады. Ынтымақтастықтың басты бағыттары Қазақстан Республикасының тиісті билік органдары мен Еуропа Кеңесінің арасындағы жоғары дәрежедегі кеңестемелер мен егжей-тегжейлі техникалық кеңестемелердің негізінде айқындалды.

1.1.3 ЕУРОПА КЕҢЕСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Еуропа Кеңесі мен Қазақстан Республикасының қарым-қатынасы 2011 жылы Еуропа Кеңесі әзірлеген көршілестік саясатын жүзеге асырудың арқасында нығая түсіп, Қазақстанды өңірдегі жетекші серіктеске айналдырды.

Дегенмен, Қазақстан оған дейін де Еуропа Кеңесімен қарым-қатынас орнатқан болатын. Қазақстан Республикасы 2012 жылғы наурыз айынан бері Венециялық комиссияның мүшесі (ал 1998 жылдан бастап байқаушы болған). 2013 жылдан бастап Конституциялық кеңес, ал қазір Конституциялық сот Конституциялық әділсот жөніндегі дүниежүзілік конференцияның мүшесі болып табылады, оның Хатшылығы ретінде Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венециялық комиссия) әрекет етеді. Қазақстан Республикасы Еуропа Кеңесінің төрт конвенциясын ратификаттады (IV Қосымшаны қараңыз). Ол сондай-ақ 2006 жылдан бері Еуропалық фармакопея комиссиясында байқаушы мәртебесіне ие. 2015 жылы Қазақстанға Еуропа прокурорларының Консультациялық кеңесінде (ЕПКК) және 2017 жылы Еуропа судьяларының консультациялық кеңесінде (ЕСКК) және Әділсоттың пәрменділігі жөніндегі Еуропалық комиссияда (ӘПЖЕК)

3. *Қазақстан үшін көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары, 2014-2018 жылдар*
Қазақстан Республикасы үшін көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары, 2019-2023 жылдар

байқаушы деген мәртебе берілді. Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясы (ЕКПА) мен Қазақстан Республикасының Парламенті 2004 жылы ынтымақтастық туралы келісім жасасты. Қазақстан Республикасы 2020 жылғы қаңтарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының (ГРЕКО) 50-ші мүшесі болды.

2019 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенцияға толық қосылу туралы өтініш берді. 2020 жылғы 22 сәуірде Министрлер Комитеті Қазақстанды Конвенцияға толық қосылуға шақырды. Сондай-ақ 2022 жылғы ақпанда ел Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенцияға (ETS № 173) толық қосылуға шақырылу туралы өтініш берді де, 2022 жылғы маусымда МК оған қосылуды ұсынды.

2022 жылғы қарашада ел Киберқылмыс туралы конвенцияға (ETS № 185) толық қосылуға шақырылу туралы өтініш жасады. МК Хатшылығы Конвенцияның уағдаласушы мемлекеттерімен кеңестеме өткізіп, олардың билік органдарының Қазақстан Республикасының Киберқылмыс туралы конвенцияға қосылуына қарсылық болатынын-болмайтынын хабарлауды өтінді. Қазақстан Республикасы 2023 жылғы 19 сәуірде Конвенцияға толық қосылуға шақырылды.

Бас Хатшының Астанаға барған сапарынан кейін (2011 жылғы қазан) Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары (КЫБ) туралы бірінші жан-жақты құжатты дайындауға жаңа серпіліс берілді. "Еуропалық Кеңестің Қазақстан Республикасы үшін көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары (2014-2015): Еуропалық Кеңестің Қылмыстық істер бойынша конвенцияларына қатысты ынтымақтастық" атты құжатты Министрлер комитеті 2013 жылғы желтоқсанда қабылдады. КЫБ Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік базасы мен іс-тәжірибесін еуропалық стандарттармен сәйкестікке келтіру мақсатында, қылмыстық істер бойынша ынтымақтастықтың стратегиялық негізі ретінде елдің билік орындарымен тығыз ынтымақтастықта әзірленді.

2016 жылғы қаңтарда МК Қазақстан Республикасының билік орындарымен келісімге келгеннен кейін КЫБ-ның әрекет мерзімін 2017 жылдың соңына дейін ұзарту туралы шешім қабылдады. Атқарылған жұмыстың қорытындысы бойынша МК Хатшылыққа "ынтымақтастық туралы жаңа құжатты дайындауға қатысты мәселені Қазақстан Республикасының билік орындарымен талқылауды жалғастыруды" тапсырды. Бұл бастаманы Қазақстан Республикасы да құптап, ынтымақтастықты жалғастыру туралы ниетін білдірді.

"Еуропа Кеңесінің Қазақстан Республикасымен көршілес ынтымақтастық бойынша басымдықтары (2014-2018)" атты екінші екі жақты құжат (КЫБ) Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік органдарымен тығыз ынтымақтастықта әзірленіп, оны МК 2019 жылғы 4 сәуірде қабылдады. Бастапқыда 4 жылдық кезеңге көзделген бұл құжат 2022 жылғы 15 маусымдағы МК шешімі бойынша 2023 жылға дейін бір жылға ұзартылды. КЫБ бойынша ауызша баяндама Халықаралық қатынастар жөніндегі баяндамашылар тобына 2020 жылғы 10 наурызда, 2022 жылғы 31 мамырда және 2023 жылғы 5 қазанда берілді. Жұмыс барысы туралы аралық баяндама GR-EXT тобына 2021 жылғы 29 маусымда ұсынылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының өкілдерімен ұдайы диалог жүргізілді. Жақында ғана Бас хатшының орынбасары Бьерн Берге 2023 жылғы 7 наурызда ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаевпен, 2023 жылғы 25 қаңтарда Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенкомен және 2022 жылғы 24 мамырда Әділет министрінің орынбасары Акерке Ахметовамен кездесу өткізді⁴. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы да 2023 жылғы 19 маусымда Еуропа Кеңесінде болып қайтты.

1.1.4 ЕУРОПА КЕҢЕСІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

Еуропа Кеңесінің техникалық көмек бағдарламалары норма түзу, қадағалау мен ынтымақтастықтың бірегей стратегиялық ұштағанының ажырамас бөлігін құрайды: заң жүзінде міндетті нормаларды әзірлеу оларды тәуелсіз басқару тетіктерінің қадағалауымен тығыз байланысты және оларды жүзеге асыруға ықпалдасуды көздейтін техникалық ынтымақтастықпен толықтырылады. Ұйымның іс-шаралары оның айтарлықтай тәжірибесі мен қосатын үлесі мол салаларда әзірленеді және жүзеге асырылады.

4. Сондай-ақ 2022 жылғы 11 қаңтарда Бас хатшының орынбасары Қазақстан Республикасының Страсбургтегі Бас консулымен қаңтар айында Қазақстанда болған оқиғалар туралы телефон арқылы сөйлесті.



1-сурет: Еуропалық Кеңестің стратегиялық ұштағаны

Қазақстан Республикасы Еуропа Кеңесіне мүше мемлекет болмағандықтан, бұл ел тиісті конвенциялардың уағдаласушы тарапына айналмағанша, қадағалау тетіктері оған қолданылмайды. Атап айтқанда, ел Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобының (ГРЕКО) мүшесі болып табылады. 2021 жылғы 6-10 қыркүйекте ГРЕКО Қазақстанға алғашқы бағалау сапарымен келді. Бағалау туралы баяндама 2022 жылғы маусымда жарияланды. ГРЕКО Қазақстан Республикасының билік орындарына 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейін ұсыныстамалардың орындалуы туралы баяндама жасауды ұсынды.

Алайда басқа бірқатар қадағалау тетіктерінің әдіснамасы елдегі негізгі салалардағы жағдайды бағалау үшін және еуропалық заңнама мен іс-тәжірибеге сәйкес ұсыныстамалар әзірлеу үшін пайдаланылатын болады.

Керегінше табысты ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін Еуропа Кеңесінің сан алуан түрлі құралдары іске пайдаланылады, атап айтқанда:

- Еуропа Кеңесінің мүше емес мемлекеттер үшін ашық конвенциялары және кеңірек мағынада, Еуропа Кеңесінің басым салалардағы стандарттары;
- Еуропа Кеңесінің бірнеше мекемесінің (үкіметаралық органдар, Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясы (ЕКПА), Еуропа Кеңесінің жергілікті және өңірлік билік органдарының конгресі (Конгресс), Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венециялық комиссия сияқты) көп жылдық іс-тәжірибесі;
- Еуропа Кеңесінде «ортақ» күрделі міндеттерді (Еуропа Кеңесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобының (ГРЕКО), Әділсоттың пәрменділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (ӘПЖЕК) міндеттері сияқты немесе Заңгерлерге арналған адам құқығы саласындағы Еуропалық оқыту бағдарламасы (ЗАОБ) сияқты құралдар) бағалау және оларға қатысты ұдайы әрекеттену үшін әзірленген әдіснамалар.

Қазақстан Республикасында Еуропа Кеңесінің іс-тәжірибесін қолданысқа енгізу үшін әзірленген жұмыс әдістері, атап айтқанда:

- жекелеген салаларда қолданылатын құқықтық және институционалдық ортақ қағидаттарды бағалауда және мұқтаждықтар мен келесі жұмыс шеңберін айқындауда қолдау көрсету;
- еуропалық және басқа да халықаралық стандарттардың, құқық қорғау мекемелері мен басқарудың жаңа құрылымдарын, Еуропа Кеңесінің негізгі басым салалардағы сарапшылық байланыстарының, Еуропа Кеңесінің стандарттарын мен анықтамалық құжаттарының негізінде жаңа заңнамалық мәтіндерді әзірлеуге, қолданыстағы заңнаманы қайта қарауға, құқық қорғау мекемелері мен жаңа басқару құрылымдарын құруға көмектесу;
- ұлттық әлеуетті арттыру мақсатында белгілі бір мәселелер бойынша білім беру және машықтарға үйрету;
- Еуропаның және Еуропа Кеңесінің ынтымақтастық жобаларына қатысатын Орталық Азиялық серіктес елдердің арасында, сондай-ақ өңірдің елдерінің арасында тәжірибе мен озық тәсілдеме алмасуға ықпалдасу, сонымен қатар тиісті ресми және бейресми жұмыс желілерін құру.

Ұнтымақтастық жобалары ұлттық жағдайларға сай келетін және анықталған түйінді мәселелерді шеше алатын құралдар мен құзырлықтарды әзірлеу мақсатында, Еуропа Кеңесінің

мамандандырылған топтары және Қазақстан Республикасындағы тиісті серіктестер бірлесіп жүзеге асыратын жобалардың шеңберінде нақты шараларды қабылдау арқылы елге көмектесуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азияда заң үстемдігін орнату бойынша 2020-2023 жылдарға арналған және⁵ 2024 дейін ұзартылған бірлескен бағдарламасының мүдделі қатысушысы.

Осының алдындағы Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары жобасының нәтижелерінің мысалдары

Қазіргі құжатта 2023 жылғы шілдеге дейін ұзартылған Көршілес елдермен ынтымақтастықтың 2019-2022 жылдардағы басымдықтарының нәтижесі ескеріледі:

- Қазақстан – 2020 жылғы сәуірде Еуропа Кеңесінің Әйелдерге зорлық жасаудың және тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мен қарсы күресу туралы конвенциясына (Ыстамбұл конвенциясы) шақырылған өңірдегі алғашқы ел.

2022 жылғы маусымда Қазақстанға Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенцияға (ETS № 173), ал 2023 жылғы сәуірде Киберқылмыс туралы конвенцияға (ETS № 185) толық қосылу ұсынылды.

- Қазақстан Республикасы 2020 жылғы 1 қаңтарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобының (ГРЕКО) мүшесі болды;
- Қазақстан Республикасы ГРЕКО бірлескен бағалауының бірінші және екінші раундтарынан өтіп, Еуропалық одақтың/Еуропа Кеңесінің 2020 - 2023 жылдарға арналған Орталық Азияда заң үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен бағдарламасының аясында көрсетілетін техникалық көмек шеңберінде Еуропа Кеңесінің қолдауымен 2022 жылғы маусымда жарияланған бағалау туралы баяндамада қамтылған ұсыныстамаларды жүзеге асыруға кірісті;
- 2020 жылғы 6 қазанда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі органдардың халықаралық желісіне (СЖАОЖ) қосылды;
- Қазақстан Республикасы 2021 және 2022 жылдары⁶ Венециялық комиссияның үш қорытындысын сұратты; сол арқылы Комиссияның елдегі конституциялық және институционалдық реформаларды ілгерілетуге көмек көрсететін негізгі серіктес деп саналатынын көрсетті;
- Венециялық комиссияға мүше мемлекеттерде әкімшілік соттардың судьяларын тағайындауға қойылатын талаптардың салыстырмалы талдауын Венециялық комиссия Қазақстан Республикасының Жоғары сот кеңесі төрағасының өтініші бойынша дайындады;
- Қазақстандық 8 оқытушыға ұлттық ЗАОБ оқытушы сертификаттары берілді. Бұл оқытушылар ЗАОБ курстарын ұлттық жағдайларға бейімдеп, оларды іске асыру үшін жауап береді.

Осының алдындағы ҚЫБ бағдарламасын жүзеге асыру арқылы Қазақстан Республикасының билік орындары Еуропа Кеңесімен сындарлы ынтымастық орнатты.

1.2 КӨРШІЛЕС ЕЛДЕРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

Еуропа Кеңесінің көршілес өңірлерге қатысты саясатына сәйкес Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесінің арасындағы ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – адам құқықтарына, заң үстемдігі мен демократияға қатысты мәселелерді шешуде Қазақстан Республикасына көмектесу.

5. Еуропалық Одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азияда заң үстемдігін орнату бойынша 2020-2023 жылдарға арналған бірлескен бағдарламасы, жалпы бюджеті 8 889 000 еуро (ЕО: 90%, Еуропа Кеңесі: 10%), 2024 жылғы маусымға дейін ұзартылды. Бағдарлама Орталық Азия елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) барлығына ашық.

6. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі тұжырымдамалық құжат бойынша бір пікір (2021 жылғы наурызда қабылданған) және Қазақстан Республикасы Адам құқықтары институтына қатысты екі қорытынды (2021 жылғы желтоқсанда қабылданған Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" заң жобасы бойынша пікір және 2022 жылғы қазанда қабылданған "Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" конституциялық заңының жобасы туралы пікір).

Көршілес Ынтымақтастықтың қазіргі басымдықтары – Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесінің арасындағы 2024 жылғы 1 қаңтардан 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі ынтымақтастықтың басымдықтарын белгілейтін стратегиялық, икемді әрі серпінді бағдарламалау құралы.

Көршілес ынтымақтастық басымдықтары көздейтін басты мақсаттар:

- 2014 жылдан бері⁷ жүзеге асырылып жатқан ынтымақтастықтың нәтижелерін біріктіру, Еуропа Кеңесінің сараптамалық тәжірибесінің аясындағы сұраныстың негізінде ұлттық реформалардың басымдықтарына сәйкес ынтымақтастықтың жаңа өрістеріне жол ашу;
- еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес жаңа заңдардың, соның ішінде Еуропа Кеңесімен ынтымақтастықта әзірленген заңдардың әзірленуін және тиімді түрде жүзеге асырылуын қолдау және Еуропа Кеңесінің оған мүше емес мемлекеттер үшін ашық конвенцияларында көзделген тиісті процедураларға сәйкес Қазақстан Республикасының оларға қосылуын ынталандыру арқылы Еуропа мен Қазақстанның арасында ортақ құқықтық аймақты біртіндеп құруға ықпалдасуды жалғастыру;
- Еуропа Кеңесімен ынтымақтастық негізінде мықты негіз қаланған стратегиялық салалардағы, соның ішінде конституциялық реформаларды ілгеілету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу және бизнестің көлегейсіздігін насихаттау, ақшаның ізін жасыруға қарсы тұру және заң қызметкерлері мен адам құқықтарын қорғау жөніндегі ұлттық мекемелердің қызметкерлеріне адам құқықтары бойынша білім беруді жақсарту;
- адам құқықтары саласында заңгерлерді дайындау сияқты Еуропалық Кеңестің қызмет салалары бойынша сұранысқа қарай, сол салалардағы ынтымақтастыққа түрткі болу және нығайту, атап айтқанда: азаптау мен қатыгездіктің алдын алу, қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарын қорғау, сөз және ақпарат бостандығы, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа және отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, бала құқықтары, әділсоттың тәуелсіздігі мен пәрменділігі, киберқылмыс, адам саудасы мен қауіпсіздік, спорттық іс-шараларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызмет көрсету;
- адам құқықтарын қорғаушы мекемелер мен басқару құрылымдарының құрылуына және пәрменді жұмыс істеуіне, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесіне және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне қолдау көрсету.

Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасы өзінің мақсаттарына жету жолында сондай-ақ Қазақстанның [Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібін](#) жүзеге асыру бойынша жұмысын қолдайды.

Ынтымақтастықтың аталған басты бағыттары Қазақстан Республикасының мүдделі билік органдары мен Еуропа Кеңесінің арасындағы жоғары дәрежедегі кеңестемелер мен егжей-тегжейлі техникалық кеңестемелердің негізінде айқындалды.

Сондай-ақ Еуропа Кеңесінің қолдауының елдің мұқтаждықтары мен басымдықтарына сай келуін және басқа да ұлттық бастамалармен үйлесуін қамтамасыз ету үшін қызметтің басымдықтарын және (немесе) негізгі бағыттарын айқындайтын тиісті ұлттық стратегиялық құжаттармен салыстырылды. Көрші ынтымақтастықтың қазіргі басымдықтарында ұлттық заңнамаға, стратегияға, саясатқа, іс-қимыл жоспарларына немесе кез келген басқа ұлттық құжатқа жасалатын қандай да бір сілтеме мұндай құжаттарды Еуропа Кеңесінің құптағанын білдірмейді.

Сондай-ақ, үйлестірілген тәсілдеменің қолданылуын қамтамасыз ету үшін басқа да халықаралық ұйымдармен, әсіресе Еуропа Кеңесінің осы өңірдегі басты серіктесі ретінде Еуропалық Одақпен (ЕО) кеңестемелер өткізілді. Тиісінше, ынтымақтастықтың басым салалары қайталануды болдырмау үшін барлық тиісті мүдделі тараптар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуды көздейді.

II БӨЛІМ. 2024-2027 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

2.1 АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2021 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан арғы шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды да, оның ауқымы 2022

7. "Еуропа Кеңесінің Қазақстан Республикасымен көршілес ынтымақтастықтың 2014-2015 жылдарға арналған басымдықтары: Еуропалық Кеңестің Қылмыстық істер бойынша конвенцияларына қатысты ынтымақтастық" және "Еуропа Кеңесінің Қазақстан Республикасымен көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары (2019-2023) (ҚЫБ)"

жылғы сәуірде екінші Жарлықпен кеңейтілді⁸. Онда қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарын қорғау, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық және сөз және ақпарат бостандығы сияқты адам құқықтары саласындағы жұмыстың басым салалары белгіленген және Үкіметке тиісті жүзеге асыру шаралар қабылдау тапсырылған.

2022 жылғы сәуірде Үкімет *Адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарын* қабылдады, онда сегіз қызмет саласында қабылдануға тиіс шаралар, соның ішінде азаптаулар мен қатыгездік әрекеттердің алдын алу мен құдалау және әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа жол бермеу шаралары қамтылған. Сонымен бірге 2022 жылғы маусымда ел ұлттық референдум арқылы Конституцияға өзгерту енгізуге дауыс берді, ол Конституциялық сотты (Конституциялық кеңестің орнына) қайта құруды және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық базасы мен рөлін нығайтуды көздеді⁹.

Еуропа Кеңесі Қазақстанды еуропалық және халықаралық стандарттарға негізделген осы маңызды реформаларды жүргізуде қолдауға дайын. Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (Венециялық комиссия) бағдарламасының шеңберінде Конституциялық әділсот жөніндегі біріккен кеңес, Қазақстан Республикасының Конституциялық соты озық тәжірибе алмасу мақсатында еуропалық елдердің конституциялық соттарымен және соған ұқсас органдарымен бірлесе жұмыс атқарады. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің адам құқықтарын қорғаудағы рөліне қатысты оның мүмкіндіктерін арттыруға ерекше назар аударылатын болады.

Бірінші кезектегі міндеттер – қамауда ұсталатын адамдарға қатыгез қараумен күресу және қылмыстық сот ісіне қатысушылардың құқықтарының құрметтелуін қамтамасыз ету бойынша сот жүйесінің мүмкіндіктерін кеңейту.

Еуропа Кеңесі судьялар, прокурорлар мен адвокаттар үшін Еуропа Кеңесінің адам құқықтары саласында білім беру бағдарламасының (ЗАОБ) шеңберінде заңгерлер мен ұлттық оқу орындарының оқытушыларына арналған онлайн курстардың пайдаланылуы мен өткізілуін көтермелейді және оларды елдің мұқтаждықтарына бейімдейді.

Пікір білдіру бостандығын билік органдары басым сала ретінде айқындағандықтан, Еуропа Кеңесі Қазақстан Республикасына бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасы мен іс-тәжірибесін Еуропа Кеңесінің стандарттарына сәйкес келтіруде көмегін ұсынады.

Еуропа Кеңесінің Әйелдерге зорлық жасаудың және тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мен қарсы күресу туралы конвенциясына (Ыстамбұл конвенциясы), Бала құқықтарын жүзеге асыру туралы Еуропалық конвенцияға және Еуропа Кеңесінің Балаларды нәпсілік пайдаланудан және нәпсілік қорлаудан қорғау туралы конвенциясына (Лансароте конвенциясы), Еуропа Кеңесінің адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы конвенциясына баса назар аудара отырып, Еуропа Кеңесінің конвенциялары туралы хабардарлықты арттыру бойынша жұмыс жалғастырылады.

Бұл жұмыс БҰҰ-ның Орнықты даму бойынша мақсаттарына (ОДМ), әсіресе 4¹⁰, 5¹¹, 8¹², 10¹³ және 16-шы¹⁴ мақсаттарына жетуге үлес қосады.

2.1.1 Адам құқықтарын қорғау

→ Азаптау мен қатыгездік әрекеттердің алдын алу

Қатыгез қарауға қарсы күресті Қазақстан Республикасының Үкіметі негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындап, 2022 жылға арналған Адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимылдың жаңа жоспарына кіргізді. 2023 жылғы жағдай бойынша Бас прокуратураға қатыгез қарау жайттарының алдын алу және тиісті жағдайларды тергеп-тексеру арқылы шешу тапсырылды.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы одан арғы шаралары туралы» 2021 жылғы 9 маусымдағы № 597 Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» № 871 Жарлығы.

9. Қайта құрылған мекеменің құзыреті қазіргі уақытта кеңейтілген, оған елдегі жекелеген адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған сотқа қуыным арыз беру мүмкіндігі кіреді.

10. 4-мақсат: Инклюзивті әрі тең құқылы сапалы білім беруді қамтамасыз ету және баршаның өмір бойы оқып-үйрену мүмкіндіктерін насихаттау.

11. 5-мақсат: Гендерлік теңдікке қол жеткізу және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.

12. 8-мақсат, 8.7-міндет: Мәжбүрлі еңбекті жою, қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасын тоқтату және бала еңбегінің ең нашар түрлеріне, соның ішінде балаларды әскерге тарту мен пайдалануға тыйым салу мен жоюды қамтамасыз ету бойынша шұғыл әрі пәрменді шаралар қабылдау және 2025 жылға қарай бала еңбегінің барлық түрлерін түбірінен жою.

13. 10-мақсат: Елдердің ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту.

14. 16-мақсат. Орнықты даму мүддесінде бейбітқатар әрі инклюзивті қоғам құруға ықпалдасу, баршаның әділсотқа қол жеткізуін қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде пәрменді, есеп беруге міндетті және инклюзивті мекемелер құру.

Адам құқықтарының өрескел бұзылу жайттарын мұқият тергеп-тексерудің және тәртіп бұзушыларды жауапқа тартудың құқық қорғау органдары мен жалпы әділсот жүйесіне деген сенімді нығайту үшін шешуші мәні бар.

Осы тұрғыдан Еуропа Кеңесі қатыгездік пен азаптауға жол бермеу саласындағы ұлттық мекемелердің әлеуетін нығайтуда, атап айтқанда, қатыгездік пен азаптаудың алдын алудың институционалдық/шұғыл жүйелерін жетілдіру бойынша ұлттық әлеуетті дамыту және заңгерлердің, соның ішінде прокурорлардың, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесінің қызметкерлері мен өңірлік өкілдерінің мүмкіндіктерін кеңейту жолымен, адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттарға сәйкес қатыгездікпен қарау және азаптау туралы тұжырымдарды қарастыру жолымен Қазақстанның билік органдарына нысаналы қолдау көрсетуге дайын.

Жалпы мақсат: Ұлттық мекемелердің қатыгез қарау мен азаптаудың алдын алу саласындағы әлеуетін нығайту

Күтілетін нәтиже:

- Қатыгездік пен азаптаудың алдын алудың институционалдық/шұғыл іс-қимыл жүйелерін жақсартуға арналған ұлттық әлеует;
- қатыгездікпен қарау және азаптау туралы арыздарды сот талқылауларының барысында өз құзыреттеріне сәйкес және адам құқықтары саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарды қолдана отырып қарастыру үшін әлеуеті мен машықтары жеткілікті заңгерлердің, атап айтқанда, прокурорлардың, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесінің қызметкерлері мен өңірлік өкілдерінің саны артады.

Басты ұлттық серіктестер: Бас прокуратура, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, заңгерлер мен азаматтық қоғамға арналған тиісті оқу орындары, жұмысын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиямен үйлестіре отырып

→ **Ұлттық құқық қорғау институтына қолдау көрсету**

2022 жылы «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» жаңа Конституциялық заңға қол қойылуы Уәкілдің конституциялық мәртебесін арттыруға және оның адам құқықтарын қамтамасыз етудегі рөлін кеңейтуге деген Үкіметтің ұмтылысын көрсетеді. Осы құқықтық негіз Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесіне өзінің қатысуын одан әрі кеңейтіп, ұлттық және өңірлік деңгейлерде өз міндеттерін арттыру үшін берік негіз қалайды.

Заңнамадағы соңғы өзгерістерді ескере отырып, институтқа оның адам құқықтарын дамыту және Қазақстандағы адам құқықтарының бұзылуын тергеп-тексеру мен түбірінен жою бойынша миссиясын орындауда қолдау көрсетудің маңызы аса зор. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл [Адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарын](#), атап айтқанда оны азаптау мен қатыгездіктің алдын алу, адам құқықтарын қорғаушыларды қолдау және адам саудасына қарсы күресу саласында жүзеге асыруда өзекті рөл атқарады. Еуропа Кеңесі Уәкіл өзінің басым міндеті ретінде белгілеген [Париж қағидаттары](#), [Венеция қағидаттары](#) және тиісті [МК ұсыныстамалары](#) бойынша әлеуетін нығайтуда уәкіл институтына қолдау көрсетуге әрқашан дайын.

Еуропа Кеңесі Уәкілдің кеңсесінің қызметкерлеріне жекелеген шағымдарды еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес қарастыруда арнайы қолдау көрсетуді және кемсітушілікке қарсы күрес, әлеуметтік құқықтарды қорғау, қатыгездіктің алдын алу, халықтың осал топтарын, мүгедектердің құқықтарын, отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарын және адам саудасы құрбандарын қорғау сияқты мәселелер бойынша сараптамалық баяндамалар дайындауды ұсынады. Еуропа Кеңесі сондай-ақ Уәкілдің кеңсесіне адам құқықтарын бұзуға қарсы күресте оның басқа мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастығын нығайтуға көмек көрсетеді.

Жалпы мақсат: Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің адам құқықтарын бұзуға қарсы күрес бойынша рөлін құқық қорғау стандарттарына және ең үздік еуропалық іс-тәжірибеге сәйкес күшейту.

Күтілетін нәтиже:

- Уәкілдің кеңсесінің қызметкерлерінің жекелеген істерді еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес қарастыру бойынша әлеуеті артады;
- Уәкілдің кеңсесінің қызметкерлері елдегі адам құқықтары саласындағы жағдай туралы сараптамалық баяндамалар жасау бойынша қажетті машықтарды үйренеді;
- Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам құқықтарының бұзылуына қарсы күресте басқа мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасады;
- Уәкілдің кеңсесінде мемлекеттік органдарға жіберілген ұсыныстамаларды орындау үшін әдіснама бар.

Басты ұлттық серіктестер: Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесі, басқа да мемлекеттік мекемелер, азаматтық қоғам

→ **Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарын қорғау**

Қазақстан Республикасында қолданыстағы Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің реформасы жүргізілуде. Бұл реформаның негізгі элементтерінің бірі – қылмыстық сот ісін жүргізудің сайыстық сипатын нығайту, ол сот талқылауына қатысушылардың айғақтар мен дәлелдерді көрсету мен даулауда тең мүмкіндіктері болуын талап етеді. Бұл тұрғыда қылмыстық сот процесіне қатысушылардың барлығының процессуалдық құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету негізгі талаптардың бірі болып отыр.

Еуропа Кеңесі қылмыстық іс жүргізу бойынша ұлттық іс-тәжірибені сайыстық сот ісін жүргізу қағидаттарына сәйкес келтіріп және сотқа дейінгі сатының сот тарапынан бақылануын күшейте отырып, сот жүйесін жетілдіру бойынша Қазақстанның іс-қимылын қолдауға дайын.

Еуропа Кеңесі сондай-ақ осы тақырып бойынша заңгерлер қоғамдастығындағы өзара сұхбатқа ықпалдасып, үздік іс-тәжірибені бағалауға және ұсынуға бағытталған бастамаларды қолдау арқылы саясат пен іс-қимылды одан әрі жетілдіру жолын айқындауда қазақстандық серіктестеріне қолдау көрсететін болады.

Жалпы мақсат: Қылмыстық сот ісін жүргізуде құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету

Күтілетін нәтиже:

1. адам құқықтары саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында жетілдірілген қылмыстық іс жүргізу бойынша заңнама мен ұйымдық құрылым;
2. Адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттарға сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу бойынша тиісті заңнаманы қолданудағы заңгерлердің (судьялар, прокурорлар мен адвокаттар) мүмкіндіктері кеңейеді.

Басты ұлттық серіктестер: Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы.

→ **Заңгерлерге адам құқықтары бойынша білім беру**

Заңгерлерге адам құқықтары саласында білім беру бойынша Еуропалық бағдарламаны (ЗАОБ) тұтастай алғанда Орталық Азияда, атап айтқанда Қазақстанда тарату, адам құқықтары саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарды, соның ішінде Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияны жақсы түсінуге және заңгерлер мен университет студенттерінің жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.

Еуропа Кеңесі әзірлеген адам құқықтары саласындағы стандарттарға және осы оқу құралына билік орындары, университеттер мен азаматтық қоғам тарапынан көрсетілген ынта атап өтуге тұрарлық.

Кейбір ертерек нәтижелерді Еуропалық одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азиядағы заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша 2020-2023 жылдарға арналған бірлескен бағдарламасының аясында баяндауға болады¹⁵. 2022 жылғы наурызда 235 заңгер, соның ішінде прокурорлар мен адвокаттар, сондай-ақ полиция қызметкерлері Еуропа Кеңесінің қатыгездікпен қарауға және мысалы, биліктің өтініші бойынша бейбіт жиналыс өткізу бостандығына тыйым салуға қатысты стандарттарымен танысты. 2023 жылғы ақпандағы жағдай бойынша Орталық Азияның барлық бес елінің ұлттық оқу орындарының 42 өкілі, солардың қатарында Қазақстаннан келген 10 заңгер қазіргі уақытта ЗАОБ курстарын өздерінің тиісті ұлттық заңнамасына бейімдеу және ЗАОБ курстарын ұлттық оқу орындарындағы әріптестері үшін ендіретін жабдықпен жарақталған.

«Судьялардың, прокурорлар мен адвокаттардың этикасы» атты ЗАОБ курсы қазақ тіліне аударылды және 2023 жылы ЗАОБ платформасына орналастырылып, іске қосылады және одан әрі заңгерлер арасында таратылады.

ЗАОБ курстарының ұлттық құқықтық жүйе мен мәнмәтінге бейімделіп, қазақ тіліне аударылған соңғы нұсқасын таңдау ұлттық серіктестермен өзара келісілген басымдықтарға байланысты болады¹⁶. Тренинг заңгерлерге (негізінен судьяларға, прокурорлар мен адвокаттарға), сондай-ақ тиісті тұстарда полиция қызметкерлері мен дерек қорғау жөніндегі қызметкерлер сияқты құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне және заң орындарының студенттеріне аса пайдалы болмақ.

ЗАОБ бағдарламасы құқық қорғау мамандарына Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттерде сыннан өткен, адам құқықтары бойынша ЗАОБ курстары елдің нақты мұқтаждықтарына бейімделген көзбе-көз оқу сыныптарында да, сондай-ақ электрондық оқыту платформасында да жоғары сапалы оқыту құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы мақсат: адам құқықтарын қорғау мен насихаттау мақсатында заң қызметкерлерінің арасында адам құқықтары саласындағы стандарттарды түсінуін арттыру

Күтілетін нәтиже:

- Бүкіл Қазақстан Республикасындағы заңгерлердің санын арттыру олардың адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттар бойынша білімін арттырады және адам құқықтары саласындағы ұлттық заңнаманы еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес іске асыру үшін қажетті машықтарды үйретеді.

Басты ұлттық серіктестер: заңгерлерге арналған ұлттық оқу орындары, адвокаттар қауымдастығы, университеттер

→ **Сөз және ақпарат бостандығы**

Баспасөз бостандығы Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген.

2022 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының Президенті бірқатар реформаларды, соның ішінде БАҚ саласындағы реформаларды белгіледі.

Атап айтқанда, 2023 жылы азаматтардың талаптарын және бұқаралық ақпарат саласының даму үрдістерін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты қолданыстағы заңнамаға өзгерістер әзірленіп, Қазақстан Парламентіне ұсынылатыны мәлімденді.

Еуропа Кеңесі осы маңызды реформаларды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының билік органдарына қолдау көрсетуге дайын. Ұйым сөз бостандығы мен баспасөз бостандығы саласындағы тиісті стандарттар мен еуропалық іс-тәжірибені бөлісу мақсатында билік органдарымен, азаматтық қоғаммен және журналистер қауымымен тығыз ынтымақтаса жұмыс

15. Еуропалық Одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азияда заң үстемдігін орнату бойынша 2020-2023 жылдарға арналған бірлескен бағдарламасы, жалпы бюджеті 8 889 000 еуро (ЕО: 90%, Еуропа Кеңесі: 10%), 2024 жылғы маусымға дейін ұзартылды.

16. ЗАОБ бағдарламасының каталогында бар 42 курстың қатарында (<http://help.elearning.ext.coe.int> қараңыз), төмендегі курстар Қазақстанға барынша сай келуі мүмкін: әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық және отбасындағы зорлық-зомбылық; балалардың мүдделерін ескеретін әділсот; еңбек құқықтары; Дерек қорғау және жеке өмірге қол сұғылмау құқығы; Бизнеске деген меншік құқығы және адам құқықтары; адам саудасы, Адам құқықтары туралы еуропалық конвенцияға (Конвенция) сәйкес алдын ала тергеп-тексеру, азаптаудың және қатыгез немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазаның алдын алу, отбасы құқығы мен адам құқықтары; қылмыстық іс жүргізу бойынша кепілдіктер/жәбірленушілердің құқықтары;

істейді. Атап айтқанда, Еуропа Кеңесі қазақстандық билік орындары мен азаматтық қоғамға мына салаларда қолдау көрсетуді көздейді:

- Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенцияның 10-бабынан хабардар болу және білу (заңгерлерге, судьяларға, прокурорларға, құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғамға/журналистер қауымына арналған).
- Сөз бостандығы, баспасөз бостандығы және ақпаратқа қол жеткізу бостандығы тұжырымдамасы мен ауқымын ілгерілететін заңнамалық және саяси база.
- Қазақстанда сапалы әрі рухы таза журналистік іс үшін қауіпсіз және қолайлы жағдай жасау.

Жалпы мақсат: Қазақстанға бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасы мен іс-тәжірибесін Еуропалық Кеңестің стандарттарымен сәйкестікке келтіруге көмектесу

Күтілетін нәтиже:

- Еуропа Кеңесінің баспасөз бостандығы саласындағы құралдарынан хабардар болу және білу дәрежесі артады;
- Сөз бостандығы, баспасөз бостандығы және ақпаратқа қол жеткізу бостандығы саласындағы заңнамалық және саяси база жақсарады.
- сапалы әрі рухы таза журналистік іс қағидаттары туралы хабардарлық артады.

Басты ұлттық серіктестер: заң қызметкерлері, судьялар, прокурорлар, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Мәдениет және спорт министрлігі, Ішкі Істер министрлігі, Әділет министрлігі, Азаматтық қоғам, Журналистер қауымдастығы және бұқаралық ақпарат құралдары

2.1.2 Теңдік және адамның абыройы

→ **Әйелдерге зорлық жасауға және тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресу**

2020 жылғы 22 сәуірде Қазақстан Еуропа Кеңесінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенциясына (№ 210 CETS) (Ыстамбұл конвенциясы) қосылу үшін Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті шақырған Орталық Азиядағы бірінші ел болды¹⁷. Мұның астарлы мағына беретін үлкен құндылығымен қоса, Конвенцияға қосылу Қазақстанға оның Тараптарының комитетінің жұмысына және Ұйымға мүше мемлекеттермен бірдей дәрежеде Еуропа Кеңесінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бойынша сарапшылар тобы елдің мониторингіне қатысуына мүмкіндік берер еді.

Ынтымақтастық туралы осының алдындағы құжаттың шеңберінде Еуропа Кеңесі әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық туралы қолданыстағы заңнамаға 2023 жылы өзгертулер енгізу туралы Ыстамбұл конвенциясынан туындайтын ұсыныстар кешенін ұсынып, Қазақстан Республикасының билік органдарымен талқылады. Жаңа заң жобасы әлі де парламенттің қарастыруын күтуде. Еуропа Кеңесі алдағы уақытта да осы салада, соның ішінде парламент мүшелерінің және басқа да тиісті институционалдық субъектілердің хабардарлығын арттыру арқылы Қазақстанның билік органдарына қолдау көрсетуге дайын.

Сонымен бірге, Еуропа Кеңесі Ыстамбұл конвенциясының стандарттарының негізінде Қазақстандағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алу алу мен күресудің басты кедергілерін түсінуге көмектесу үшін не керек екенін тереңнен талдауды ұсынады. Ұйым сондай-ақ мамандандырылған институционалдық тетіктерді құруды қолдауға және Конвенция талап еткендей ведомствоаралық жұмысты үйлестіруге жәрдемдесуге және әйелдер қатысты және отбасындағы зорлық-зомбылықтан жәбір көргендерді қолдауды жақсартуға бағытталатын ұлттық әлеуетті арттыруға дайын.

17. Шақыру 2025 жылғы 23 сәуірге дейін жарамды.

Жалпы мақсат: Қазақстанның билік органдарының Ыстамбұл конвенциясының талаптары туралы хабардарлығын арттыру және оларға Ыстамбұл конвенциясына қосылудың жол картасын әзірлеуде қолдау көрсету

Күтілетін нәтиже:

- Қазақстан Республикасы Ыстамбұл конвенциясына қосылады;
- Ыстамбұл конвенциясының стандарттарына сәйкес ұлттық саясат пен нормативтік-құқықтық базаны нығайту, соның нәтижесінде елдегі әйелдердің құқықтары нығаяды;
- Мамандандырылған институционалдық тетіктерді дамыту және агенттіктердің арасындағы жұмысты үйлестіру тездейді;
- Әйелдерге және отбасында жасалатын зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсететіндердің мүмкіндіктері кеңейеді.

Басты ұлттық серіктестер: *Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия; Ішкі істер министрлігі; Бас прокуратура; Бас прокуратураның академиясы; Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесі; Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты; Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Сот төрелігі академиясы; Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; тиісті жерлерде үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)*

➤ Бала құқықтары

Бала құқықтарын қорғау Еуропа Кеңесінің адам құқықтарын қорғау және заңның үстемдігін сақтау бойынша мұратының өзегін құрайды.

Адам құқықтары туралы Еуропалық конвенцияда (Конвенция) кепілдік берілген барлық адам құқықтарын пайдалануға балалардың құқығы бар.

Еуропа Кеңесінің Бала құқықтары жөніндегі стратегиясында (2022 - 2027 жылдар) басым алты сала айқындалған: зорлық-зомбылықтан азат болу; тең мүмкіндіктер және әлеуметтік өмірге араласу; технологияларға қол жеткізе алу және оларды қауіпсіз пайдалану; балалардың мүдделерін ескеретін әділсот; әр балаға дауыс беру құқығын беру; дағдарыстық және төтенше жағдайлардағы бала құқықтары.

Көршілес елдермен ынтымақтастықтың жаңа басымдықтары шеңберінде Еуропа Кеңесі негізгі мүдделі тараптардың, мамандардың және жалпы азаматтық қоғамның Еуропа Кеңесінің Балаларды нәпсілік пайдаланудан және нәпсілік қорлаудан қорғау туралы конвенциясының (Лансароте конвенциясы) ережелері туралы хабардарлығын барынша арттыруға дайын. Осыған байланысты Лансароте конвенциясын ықтимал ратификаттаудың олқылықтары мен пайдасын бағалау үшін нормативтік-құқықтық базаны талдауға болатын еді. Ұйым сондай-ақ балалардың мүдделерін ескере отырып, пәрменді қылмыстық тергеу жүргізумен және осал балаларды қорғауды күшейтумен қатар балаларды барлық жағдайларда зорлық-зомбылықтан қорғау, сондай-ақ нәпсілік пайдаланудан және нәпсілік қорлаудан қорғау мақсатында балаларды әлеуметтік қамсыздандыру мен қорғау жүйесін одан әрі нығайту бойынша ұлттық билік органдарының іс-қимылына қолдау көрсетуге дайын.

Жалпы мақсат: Лансароте конвенциясына сәйкес балаларды әлеуметтік қамсыздандыру мен қорғау жүйесін одан әрі нығайтуда ұлттық билік орындарына қолдау көрсету

Күтілетін нәтиже:

- Қазақстан Республикасының билік органдары Лансароте конвенциясы туралы өздерінің хабардарлығын арттырып, оны ратификаттауға ынта білдірді;
- Қазақстандағы балаларды қорғаудың заңнамалық, саяси және институционалдық базасы еуропалық стандарттарға, атап айтқанда Лансароте конвенциясына жақындап келеді;
- тиісті органдар балаларға зорлық-зомбылық жасаудың барлық түрлерінің, соның ішінде нәпсілік зорлық-зомбылықтың алдын алудың және оларды қорғаудың пәрменділігін арттыруға бағытталған жан-жақты стратегияларды қабылдайды;
- негізгі мүдделі тараптар мен кәсіпқой мамандар балаларды нәпсілік қорлау туралы және оның алдын алу тетіктері туралы жақсырақ хабардар болады;
- Билік органдары мен тиісті мамандар балаларға зорлық-зомбылық жасаудың барлық түрлерінің алдын алу және қорғау, сондай-ақ жәбірленген балалар мен куәгерлерді қолдау әдістерінен хабардар.

Басты ұлттық серіктестер: Әділет министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесі, Бала құқықтары жөніндегі уәкілдер және үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)

2.2 ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ

Ортақ құқықтық аймақты біртіндеп құру Еуропа Кеңесінің көршілес өңірлерге қатысты саясатының мақсаттарына сәйкес ынтымақтастықтың негіз қалаушы қырларының бірі болып қала береді.

2022 жылғы 5 маусымда референдумда ұсынылған конституциялық өзгерістердің бірқатары, соның ішінде Конституциялық кеңестің 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Конституциялық сот болып қайта құрылуы бекітілді. Еуропа Кеңесі Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары туралы осы құжаттың шеңберінде жаңадан құрылған Конституциялық сотқа қолдау көрсетуге дайын.

Қазақстан Республикасы – Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның (Венециялық комиссия) мүшесі, сол себепті ол елде жүргізіліп жатқан реформалар тұрғысынан бірқатар пікірлер мен ұсыныстарды сұратты.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы 2017 жылғы ақпаннан бастап Әділсоттың пәрменділігі жөніндегі Еуропалық комиссия (ӨПЖЕК) жанындағы байқаушы деген мәртебені иеленеді және ӨПЖЕК жүргізген сот жүйелерін бағалаудың екі айналымына қатысты. Еуропа Кеңесі Қазақстан Республикасына елдегі әділсот өткізудің сапасы мен пәрменділігін арттыруға және сот мүшелерінің және өзін өзі басқаратын сот органдарының әлеуетін арттыруда көмек көрсетуге ұмтылатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалау бағдарламасы 2022 жыл бойы жалғасты. 2022 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы және оны жүзеге асыру бойынша іс-қимыл жоспары қабылданды. Осы бағдарламалық құжатта сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық базаны қалыптастыру жөніндегі тұжырымдама айқындалады және тақырыптардың кең ауқымы, соның ішінде қоғамдық бақылау, әлеуметті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске тарту және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (СЖКА) пәрменділігін қадағалау мен жақсарту қамтылады. Қазақстан бойынша бағалау баяндамасы 2022 жылғы наурызда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының (GRECO) 90-шы жалпы отырысында қабылданды, оған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың пәрменділігін арттыруға бағытталған 27 ұсыныстама кіреді.

Ақшаның ізін жасыруға/лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күреске келетін болсақ, 2022 жылғы қыркүйекте ел Ақшаның ізін жасыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі Еуразиялық топ (ЕАТ) тарапынан екінші өзара бағалаудан өтті.

Қазақстан Республикасын өзара бағалау туралы баяндама 2023 жылғы 4-9 маусымда Қазақстанда өткен ЕАТ-тың 38-ші жалпы отырысында қабылданды.

2022 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының АІЖ/ЛҚҚК туралы Заңына түзету енгізілді. Енгізілетін өзгерістер ақпаратты иеленушілердің ақпаратын жария ету және олардың есебін жүргізу бойынша заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған.

АІЖ/ЛҚҚК мен активтерді қайтару саласындағы негізгі басым салалардың бірі – қылмыстық істерден түскен қаражатты іздестіру мен қайтару. Тиісінше, 2022 жылғы маусымда Активтерді қайтару жөніндегі комиссия құрылды және оны Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы басқарады.

Еуропа Кеңесі сыбайлас жемқорлық және АІЖ/ЛҚҚК туралы заңнамалық және институционалдық базаны одан әрі нығайтуда билік органдарына қолдау көрсетуін жалғастырады, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау институттары мен саясатты әзірлеуде, соның ішінде бизнес-омбудсмендерді қолдауда, жекеменшік сектор үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды ендіруде және мәлімдеуші режимін нығайтуда көмек көрсететін болады. Бұған институционалдық және заңнамалық мәселелер бойынша кеңес беру, әріптестердің озық тәжірибені алмасу мен әлеуетті арттыру және т.б. мәселелері арқылы қол жеткізуге болар еді.

2023 жылғы 19 сәуірде Қазақстан Республикасына Киберқылмыс туралы Будапешт конвенциясына (ETS № 185) толық қосылу ұсынылды. Еуропа Кеңесі Қазақстан Республикасына киберқылмыс саласындағы өз заңнамасын Будапешт конвенциясына және оның стандарттарына жақындатуға, сондай-ақ тиісті органдардың киберқылмысқа қарсы күрес және электрондық айғақтар мәселесін шешу бойынша мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектесуге дайын.

Көршілес елдермен ынтымақтастықтың ағымдағы басымдықтарының шеңберінде Еуропа Кеңесі мен Қазақстан Республикасының билік органдары адам саудасы проблемаларын шешу және қазақстандық заңнаманы еуропалық стандарттарға жақындату, сондай-ақ спорттағы адалдық пен лайықты басқаруды жақсарту бойынша бірлесіп жұмыс істейтін болады.

Бұл жұмыс БҰҰ-ның Орнықты даму бойынша мақсаттарына (ОДМ), әсіресе 3¹⁸, 5¹⁹, 8²⁰, 10²¹ және 16-шы²² мақсаттарына жетуге үлес қосуда.

2.2.1 Заңның үстемдігіне негізделген мекемелер

→ Құқық арқылы демократия (Венециялық комиссия)

Президенттің 2022 жылғы 16 наурыздағы мәлімдемесінен кейін және қоғамның қалың топтарының үмітін ақтау мақсатында 2022 жылғы 5 маусымда конституциялық референдум ұйымдастырылды. Соның нәтижесінде Конституцияға енгізілетін бірқатар өзгертулер, соның ішінде Конституциялық сот құру және конституциялық деңгейде адам құқықтары жөніндегі уәкіл мәртебесін енгізу бекітілді. Конституциялық реформалар президенттің өкілеттік мерзімі жүйесін қатарынан екі бес жылдан бір ғана жеті жылдық мерзімге өзгертті. Бұған дейінгі реформалардан айырмашылығы,²³ билік органдарының 2022 жылғы конституциялық реформа туралы Венециялық комиссияның пікірін сұрамағанын айта кету керек.

2022 жылғы тамызда Қазақстан Республикасының адам құқықтары жөніндегі уәкілі «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» конституциялық заң жобасы туралы Венециялық комиссияның қорытындысын сұрады.

2022 жылғы қазанда қабылданған қорытындысында²⁴ Венециялық комиссия конституциялық заң

18. 3-мақсат: Барлық жастағы адамдар үшін денсаулық сақтау және салауатты өмір салтына ынталандыру

19. 5-мақсат: Гендерлік теңдікке қол жеткізу және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.

20. 8-мақсат: Үдемелі, жан-жақты әрі орнықты экономикалық өсуге, баршаның толық әрі өнімді жұмыспен қамтылуына және баршаның лайықты жұмыспен айналысуына ықпалдасу.

21. 10-мақсат 10.2-міндет: 2030 жылға қарай жасына, жынысына, мүгедектігіне, нәсіліне, ұлтына, шығу тегіне, дініне немесе экономикалық не басқа мәртебесіне қарамастан баршаның қоғам істеріне, экономика мен саясатқа араласу құқықтарын күшейту және ілгерілету

22. 16-мақсат. Орнықты даму мүддесінде бейбітқатар әрі инклюзивті қоғам құруға ықпалдасу, баршаның әділсотқа қол жеткізуін қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде пәрменді, есеп беруге міндетті және инклюзивті мекемелер құру.

23. [https://www.venice.coe.int/webforms/documents/?pdf=CDL-AD\(2017\)010-e](https://www.venice.coe.int/webforms/documents/?pdf=CDL-AD(2017)010-e)

24. CDL-AD(2022)028, *Қазақстан Республикасы – "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" заң жобасы бойынша пікір: Венециялық комиссия 132-ші пленарлық мәжілісінде қабылдаған (Венеция, 2022 жылғы 21-22 қазан).*

жобасын талдап, халықаралық стандарттар мен озық тәжірибеге сәйкес жетілдіру жөнінде бірқатар ұсыныстама берді.

Қайта қаралған Конституцияның қабылдануғаннан кейін сондай-ақ қолданыстағы институттарға өзгерістер енгізіліп, жаңа институттар құрылды. Конституциялық сот жұмысын 2023 жылғы 1 қаңтарда бастады. Омбудсмен институтына конституциялық мәртебе берілді.

Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венециялық комиссия) Орталық Азия елдерімен заңның үстемдігі мәселелері бойынша, әсіресе конституциялық мәселелер бойынша ынтымақтастыққа жол ашқан алғашқы ұйымдардың бірі болды. 2007 жылдан бері Венециялық комиссия Қазақстан Республикасының ұлттық институттарымен жақсы ынтымақтастықты жолға қойды.

Қазақстан Республикасы 2012 жылдан Венециялық комиссияның толық мүшесі болып келеді. Қазақстан Республикасы Венециялық комиссияның бірнеше пікірін сұратты²⁵. Атап айтқанда 2021 және 2022 жылдары ел Венециялық комиссияның үш пікірін сұратты²⁶.

Венециялық комиссия мен Қазақстан Республикасының арасындағы ынтымақтастықтың тағы бір маңызды әрі бірін бірі күшейтетін тұсы – Венециялық комиссия мен Қазақстанның Конституциялық және Жоғарғы соттары ұйымдастыратын тұрақты екіжақты ынтымақты қызмет және жоғары деңгейдегі халықаралық іс-шаралар.

Венециялық комиссияның жылына төрт рет өткізілетін жалпы отырыстарына қазақстандық делегацияның жүйелі түрде қатысуы келешек диалог пен ынтымақтастыққа ықпал етеді.

Венециялық комиссия ұлттық мекемелердің жаңа заңнаманы, атап айтқанда әкімшілік құқық пен әділсот саласындағы жаңа заңнаманы еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес қабылдауы мен жүзеге асыруы үшін олармен ынтымақтасуға дайын.

Жалпы мақсат: халықаралық және еуропалық стандарттар мен озық іс-тәжірибеге сәйкес конституциялық, заңнамалық және институционалдық реформа процестерін қолдау.

Күтілетін нәтижелер:

- билік орындары халықаралық және еуропалық стандарттар мен озық іс-тәжірибеге сәйкес конституциялық және институционалдық реформа процесін одан әрі қолдау үшін, сондай-ақ тиісті ұсыныстамаларды орындау үшін Еуропа Кеңесінің Венециялық комиссиясының сараптамалық қызметтер көрсетуін өтінеді;
- Әкімшілік құқық пен әділсот саласындағы заңнама дайындалды және жүзеге асыру үшін дайын;
- биік лауазымды тұлғалар мен сот органдары өкілдерінің көпшілігінің заңның үстемдігіне қатысты еуропалық және халықаралық стандарттар бойынша білімі жақсарды;
- конституциялық шағым беру арқылы жекелеген адамдар мен топтардың құқықтарының инклюзивті әрі тең дәрежеде қорғалуына және әділсотқа жетуіне ықпалдасу;
- конституциялық шағымдарға қатысты сот ісін жүргізу процедураларының сапасы жақсарды.

Басты ұлттық серіктестер: Конституциялық сот, Жоғарғы сот, Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі, Жоғарғы сот кеңесі, Парламент, басқа да тиісті билік органдары.

→ **Әділсоттың тәуелсіздігі мен пәрменділігі**

Әділсот жүйесінің тәуелсіздігі, есептілігі, пәрменділігі және оған баршаның қол жеткізу мүмкіндігі әр адамның әділ сот талқылауына деген құқығын қамтамасыз етеді, демек, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың құрметтелуінің негіз қалайтын көпшілігі болып табылады да, жекелеген адамдар мен кәсіпкерлердің сот жүйесіне деген сенімін арттырып, келешекте нарықтың тартымды болуына, салауатты бәсекелестікке және соның нәтижесінде ел экономикасының өркендеуіне және қоғамның әлеуметтік әл-ауқатының жақсаруына әкеледі.

25. Венециялық комиссия қабылдаған пікірлердің толық тізімін IV қосымшаны қараңыз.

26. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі тұжырымдамалық құжат бойынша бір пікір (2021 жылғы наурызда қабылданған) және Қазақстан Республикасы Адам құқықтары институтына қатысты екі қорытынды (2021 жылғы желтоқсанда қабылданған Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" заң жобасы бойынша пікір және 2022 жылғы қазаңда қабылданған "Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" конституциялық заңының жобасы туралы пікір).

Сонымен қатар Қазақстан Республикасына 2017 жылғы ақпанда Әділсоттың пәрменділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (ӘПЖЕК) байқаушысы деген мәртебе берілді және ел содан бергі уақытта осы ұйымның қызметінде белсенді рөл атқарып келеді. Қазақстан Республикасы 2018-2020 және 2020-2022 жылдары ӘПЖЕК жүргізген сот жүйелерін бағалаудың екі айналымына қатысты. 2020 жылғы деректерге негізделген 2020-2022 жылдар бойынша баяндамада Қазақстан Республикасының сот жүйесінің жағдайы туралы салыстырмалы, сандық және сапалық [ақпарат](#) берілді, осылайша елдегі әділсоттың сапасы мен пәрменділігін арттыруға негіз болды.

Осының алдындағы "2014-2018 жылдарға арналған Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары" құжатының тұрғысынан айтарлықтай ілгерілуге қол жеткізілді. Алайда 2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасында әділсот саласында ешқандай жоба жүзеге асырылған жоқ. Бұрын қол жеткен нәтижелерді бекіту және реформалардың халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілуін және орнықтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстанда әділсот саласында жүзеге асырылатын ынтымақтастықты жалғастыру қажет.

Осылайша, Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық және институционалдық базаны еуропалық стандарттарға сәйкес жетілдіру бойынша күш-жігерін қолдау, қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілерді жүзеге асыруға жәрдемдесу, сондай-ақ әділсот жүйесінің функциялық тәуелсіздігі мен есептілігін қамтамасыз ету және әділсот жүйесіне (сот жүйесі, прокуратура және құқық қорғау органдары) деген халықтың сенімін арттыру мақсатында еуропалық стандарттарға сәйкес қолдау көрсету ұсынылады. Атап айтқанда, қолдау ұлттық соттары және адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарт органдары қабылдайтын шешімдерді орындаудың пәрменділігін арттыру және тегін заңгерлік көмек жүйесін құру мақсатында көрсетілуі мүмкін.

Ұсынылған іс-шаралар ұлттық реформалар бағдарламасына сәйкес әділсот жүйесін қайта құру процесін одан әрі қолдауға бағытталады.

Ынтымақтастық төмендегі тұстарға бағытталады:

- сот органдарының және өзін-өзі басқаратын сот органдарының қызметкерлеріне арнайы құқықтық білім беру және олардың әлеуетті арттыру бойынша іс-шараларды жүргізу арқылы Қазақстандағы сот жүйесінің тәуелсіздігіне, есептілігі мен сот ісін жүргізуге қатысты ұлттық заңнама мен институционалдық базаның сәйкестігін арттыру;
- сот жүргізудің қазіргі заманғы құралдарын ендіру арқылы сот жүйесінің сапасы мен пәрменділігін арттыру;
- сот этикасы мен тәртіптік процедураларға байланысты құқықтық база мен іс-тәжірибені бағалау, процедураларды еуропалық стандарттарға сәйкес одан әрі жетілдіру туралы ұсыныстамалар беру және бұрыннан бар оқу бағдарламаларын қайта қарау арқылы Қазақстан Республикасындағы, соның ішінде оның өңірлеріндегі судьялардың кәсіпқойлығын арттыру;
- дауларды баламалы жолмен шешу саласындағы озық тәжірибені тарату арқылы әділсотқа қол жеткізу мүмкіндігін жақсарту, сот істерін әділ жүргізуді жақсарту жолымен халыққа қызмет көрсету саласындағы сот органдарының әлеуетін күшейту; және сот қызметтерін пайдаланушылар үшін әділсотты көлегейсіз әрі қолайлы ету;
- заңнамалық базаны күшейту, құқықтық көмек берудің ұлттық жүйесін институционалдық жағынан қайта құру және тегін құқықтық көмек беріп, ақысыз заң қызметтерін көрсетумен айналысатын заңгерлерді мақсатты түрде дайындау арқылы заң қызметтерін көрсету жүйесін, соның ішінде тегін құқықтық көмек беру ісін жақсарту.

Жалпы мақсат: әділсоттың тәуелсіздігін, есептілігін, пәрменділігі мен сапасын насихаттау және соттардың жұмысын еуропалық стандарттарға сәйкес жақсарту

Күтілетін нәтиже:

- Әділсотқа қатысты заңдар мен саясаттар Еуропалық Кеңестің мамандарының сарапшылық көмегінің арқасында еуропалық стандарттармен сәйкестікке келтіріледі;
- Сот этикасы мен тәртіптік сот өндірісі саласындағы құқықтық база мен іс-тәжірибеге баға беру және ұсыныстамалар жасау есебінен Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі судьялардың тәуелсіздігі мен жауапкершілік деңгейі жоғарылайды;
- Әділсотқа қол жеткізу мүмкіндігі жақсарады;
- Дауларды шешудің баламалы тетіктері нығаяды;
- халыққа көрсетілетін қызметтердің, тегін құқықтық көмек берудің сапасы тегін құқықтық көмек берумен және ақысыз заң қызметтерін көрсетумен айналысатын заңгерлерге арналған мақсатты іс-шаралар арқылы жақсарады; құқықтық көмек беру жүйесі күшейеді;
- судьяларды оқыту және басқа да іс-шаралар (әділсот жүйесінің, соттардың жұмысын және судьялар атқаратын жұмысты саралау мен бағалау құралдарын қамтамасыз ету), сондай-ақ осы салаларда алдыңғы қатарлы еуропалық іс-тәжірибені бөлісу арқылы судьялардың сот өндірісінің қазіргі заманғы әдістеріне қатысты әлеуетті мүмкіншіліктері артады;
- Қазақстан Республикасындағы соттардың көпшілігінде белгілі бір ӘПЖЕК құралдарына, Еуропалық судьялардың консультациялық кеңесінің (ЕСКК), Еуропалық прокурорлардың Консультациялық кеңесінің (ЕПКК) қорытындыларына негізделген ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы елдегі сот жүйесінің күнделікті жұмысы жақсарады.

Басты ұлттық серіктестер: Әділет министрлігі, Ішкі Істер министрлігі, Адвокаттардың Ұлттық қауымдастығы, сот органдары, соттық өзін өзі басқару органдары мен оқу орындарының қызметкерлері, басқа заңгерлер, азаматтық қоғам.

→ Құқықтық ынтымақтастық

Еуропалық Кеңестің конвенциялары адам құқықтарын, құқықтың үстемдігі мен демократияны ілгерілетудің және бүкілеуропалық ортақ құқықтық кеңістікке қол жеткізудің үшін басты бағдары болып саналады.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция (Конвенция) Еуропа Кеңесінің мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер үшін ашық болмаса да, ол адам құқықтары тұрғысынан өзекті элемент болып саналады. Еуропа Кеңесі өзінің баптарының адам құқықтары мен тұтастай алғанда демократиялық басқаруға қатысты мәселелерді қарастырған кезде анықтамалық құжатқа айналып, мүдделі тұлғалар тарапынан пайдаланылуы үшін түрлі іс-шаралар арқылы олардың рухын баршаға таратуға ұмтылады.

Еуропа Кеңесінің конвенцияларының айтарлықтай бөлігі Еуропа Кеңесінің мүшесі болып табылмайтын мемлекеттер үшін ашық²⁷.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның, (ETS № 018, 2010 жылғы наурызда ратификатталған), Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияның (ETS № 127, 2015 жылғы сәуірде ратификатталған), Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алу және тәркілеу туралы конвенцияның (ETS № 141, 2014 жылғы қыркүйекте ратификатталған) және Еуропа өңірінде жоғары білім беруге жататын біліктілікті тану туралы конвенцияның (ETS № 165, 1998 жылғы қазанда ратификатталған) тарапы болып табылады.

Қазақстан Республикасы сондай-ақ осы құжаттардың бірқатарына толық қосылу туралы ресми өтініш берді: 2020 жылғы 22 сәуірде Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитеті Қазақстан Республикасына Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенциясына (Ыстамбұл конвенциясы) толық қосылуға шақырылды. 2022 жылғы маусымда Қазақстанға Еуропа Кеңесінің Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенциясына толық қосылу ұсынылды²⁸. 2023 жылғы сәуірде Қазақстанға Киберқылмыс туралы Будапешт конвенциясына (ETS № 185) толық қосылу ұсынылды.

27. 226-ның 168-і

28. Еуропа Кеңесінің Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенциясы (ETS № 173)

Еуропалық одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азиядағы заң үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен бағдарламасы (2020-2023) Еуропа Кеңесінің Конвенцияларына қосылудың артықшылықтары туралы қазақстандық мүдделі тараптардың білімін кеңейту бойынша жүргізген жұмыстың нәтижесінде Еуропа Кеңесінің Балаларды нәпсілік пайдаланудан және нәпсілік қорлаудан қорғау туралы конвенциясын және Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы конвенциясын бенефициар мекемелер осы салаларда жүргізіліп жатқан заңнамалық реформаларға қосуға лайықты құралдар ретінде айқындады.

Еуропа Кеңесінің конвенцияларына қосылудың Еуропа мен Орталық Азия арасындағы арасындағы ортақ құқықтық кеңістікті біртіндеп құру үдерісінде стратегиялық маңызы зор екенінде күмән жоқ. Сол арқылы конвенцияларға қол қойған елдердің арасындағы үкіметаралық ынтымақтастық деңгейі, сондай-ақ еуропалық және халықаралық стандарттарды ұстану деңгейі артады да, соның нәтижесінде адам құқықтарын қорғау күшейеді. Осыған байланысты Еуропа Кеңесінің өз конвенцияларына қосылудың сәтті өтуіне ықпалдасу және осы құқықтық құжаттарды және тиісті құқықтарды ұлттық билік органдарының, парламент мүшелерінің және азаматтық қоғамның және атап айтқанда, бағдарламаның мақсатты топтарының хабардарлығын арттыру мақсатында олардың жақсырақ түсінілуіне әрі тиімді жүзеге асырылуына ықпалдасу бойынша жұмысы жалғасады. Еуропа Кеңесінің конвенцияларының қатарына атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаның ізін жасыруға қарсы күреске, киберқылмысқа қарсы күреске, дерек қорғауға, әйелдерге зорлық-зомбылық жасауға қарсы күреске, бала құқықтарын жақсартуға қатысты конвенциялар және Еуропа Кеңесінің ұсынылған іс-шараға қатысы бар басқа да құжаттары жатады.

Жалпы мақсат: Еуропа мен Қазақстан Республикасының арасында ортақ құқықтық кеңістіктің құрылуын ілгерілету

Күтілетін нәтиже:

- Еуропа Кеңесінің мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер үшін ашық Еуропа Кеңесінің негізгі конвенцияларының және басқа да халықаралық стандарттардың негізінде Еуропа мен Қазақстанның арасында ортақ құқықтық аймақ құрудың артықшылықтары туралы хабардарлық барған сайын арта түсуде;
- Ұлттық билік орындары Еуропа Кеңесінің мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер қол қойып, ратификаттай алатын тиісті конвенциялар туралы жақсы біледі;
- тиісті заңнама жекелеген конвенцияларда белгіленген стандарттардың негізінде қайта қаралады;
- Осы конвенцияларға қосылу туралы өтініштер түсіп жатыр.

Басты ұлттық серіктестер: *Сыртқы Істер министрлігі, тиісті министрліктер және тәуелсіз органдар.*

2.2.2 Қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың қауіпсіздігі және оларды қорғау

→ **Қылмысқа қарсы күрес және азаматтардың қауіпсіздігі – сыбайлас жемқорлық, ақшаның ізін жасыру, киберқылмыс, Адам саудасы**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу

2020-2022 жылдары Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа, ақшаның ізін жасыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы тұруды көздейтін маңызды реформаларды жүзеге асырды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жоспары қабылданды. Қазақстан Республикасы 2020 жылғы қаңтарда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобына (ГРЕКО) қосылды және бірлескен бірінші және екінші бағалау раундтарынан өтті.

Елде 2022 жылғы маусымда жарияланған осы баяндамадағы ұсыныстамалар тобын іске асыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. 2022 жылғы маусымда Министрлер комитеті Қазақстан Республикасына Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенцияға (ETS № 185) 2027 жылғы шілдеге қарай толық қосылуды ұсынды.

Еуропалық одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азиядағы заң үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен бағдарламасы (2020 - 2023) арқылы Еуропа Кеңесі Қазақстанға құзыретті органдардың экономикалық қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу және олардың алдын алу бойынша әлеуетін нығайтуда қолдау көрсетуде. Бағдарлама ГРЕКО бірлескен бағалауының бірінші және екінші раундтарынан туындаған ұсыныстамаларды жүзеге асыру бойынша кеңес беруде.

Ағымдағы Бағдарлама шеңберінде қол жеткізілген нәтижелердің орнықтылығын қамтамасыз ету және экономикалық қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу және олардың алдын алу мақсатында саяси құжаттар мен заңнамалық актілерді әзірлеу кезінде халықаралық стандарттарды қолдану бойынша ұлттық билік органдарының мүмкіндіктерін кеңейту үшін қажетті техникалық көмек мынадай басым салаларда көрсетілуі мүмкін:

- заңнамалық/саяси базаны нығайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алумен және оған қарсы күреспен айналысатын ұлттық органдардың әлеуетін нығайтуға қолдау көрсету арқылы ұлттық билік органдарының ГРЕКО ұсыныстамаларын (бірінші және екінші ұсыныстамаларды, сондай-ақ алдағы бағалау раундтарының қорытындылары бойынша ұсыныстамаларды) орындау бойынша әлеуетін нығайту.
- Саяси партиялар мен сайлау науқандарын қаржыландырудың көлегейсіздігіне және сыбайлас жемқорлыққа байланысты айыптауға қатысты Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенцияда (ГРЕКО бағалауының үшінші раунды) көзделген құқықтық және институционалдық базаның пәрменділігін арттыруға халықаралық стандарттар мен озық іс-тәжірибе негізінде жетекшілік ету мен әлеуетті арттыру арқылы қолдау жасау.
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (СЖКА) басым салалардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың пәрменді құралдарын ендіру бойынша институционалдық әлеуетін нығайту, атап айтқанда, активтерді мағлұмдау жүйесін нығайту, мүдделер қақтығысына жол бермеу, сыбайлас жемқорлық қатерімен жұмыс істеу және мәлімдеушілерді қорғау.

Жалпы мақсат: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша еуропалық стандарттарға жақындауда Қазақстан Республикасына көмек көрсету

Күтілетін нәтиже:

- ГРЕКО ұсыныстамаларын орындаудағы ұлттық билік органдарының мүмкіндіктері артады;
- саяси партиялар мен сайлау науқандарын қаржыландырудың және сыбайлас жемқорлыққа қатысты айыптаудың құқықтық және институционалдық базасының пәрменділігі күшейеді;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (СЖКА) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың пәрменді құралдарын ендіру бойынша институционалдық әлеуеті артады.

Басты ұлттық серіктестер: *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (СЖКА), Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚҚ ҚББ), Бас прокуратура, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Ішкі істер министрлігі*

Ақшаның ізін жасыруға қарсы тұру

Қазақстан Республикасы ақшаның ізін жасыруға (АІЖ) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес (ЛҚҚК) саласында Еуропа Кеңесімен ынтымақтастықты арттыруға мүддесін білдірді. Атап айтқанда, еліміз қылмыстық қызметтен түскен табыстың ізін жасыру, іздестіру, тыйым салу және тәркілеу туралы және лаңкестікті қаржыландыру туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясына (№ 198 CETS, Варшава конвенциясы) қызығушылық танытты.

АІЖ/ЛҚҚК саласында 2022 жылы Ақшаның ізін жасыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі Еуразиялық топтың (ЕАТ) екінші өзара бағалау сапары өтті де, бағалау туралы баяндама 2023 жылғы 4-9 маусымда қабылданды (ЕАТ-тың 38-ші жалпы отырысы).

Еуропалық Одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азияда заң үстемдігін орнату бойынша бірлескен бағдарламасы (2020-2023) арқылы Қазақстанның билік органдары бенефициарлық меншіктің көлегейсіздігіне, бақылаушы және есеп беруші субъектілердің АІЖ/ЛҚҚК талаптарының сақталуына, экономикалық қылмыстарды тергеп-тексеруге және АІЖ/ЛҚҚК жөніндегі ұлттық және

салалық деңгейлерде тәуекелдерді бағалау бойынша әлеуетті дамытуға баса назар аударатырып, АІЖ/ЛҚҚК институционалдық базасын жақсарту туралы кеңесті пайдаланды.

Ұлттық билік органдарының саясатты және заңнамалық актілерді жобалау кезінде халықаралық стандарттарды қолдану бойынша әлеуетін нығайту және АІЖ/ЛҚҚК жөніндегі тиісті шараларды әзірлеу мақсатында Еуропа Кеңесі мына басым салаларда қосымша техникалық көмек көрсетуге дайын:

- Еуропа Кеңесінің АІЖ/ЛҚҚК саласындағы халықаралық стандарттарына сәйкес экономикалық қылмысқа қарсы күресте (Варшава конвенциясына ерекше назар аударатырып) хабардарлықты арттыру, басшылыққа алынатын нұсқау беріп, пікір айту және заңнама мен шұғыл жұмыс тұрғысынан көмектесу арқылы ақшаның ізін жасырудың және лаңкестікті қаржыландырудың алдын алуды және құқық қорғау қызметі мен қылмысқа қарсы әділсоттың пәрменділігін арттыру;
- деректерді бағалау, жинау және талдау әдіснамаларын заңдастыру, нәтижелерін тарату және анықталған тәуекелдердің салдарын жеңілдету бойынша шаралар қабылдау мақсатында АІЖ/ЛҚҚК тәуекелдеріне ұлттық және салалық баға беру жөніндегі ұлттық органдардың, атап айтқанда мамандандырылған бөлімшелердің әлеуетін нығайту;
- ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес саласындағы тәуекелдерге қатысты заңға сәйкестік пен бақылауды қамтамасыз ету әлеуетін нығайту және заңнаманы қалыптастыру; және
- әлеуетті арттыру жөніндегі нұсқаулар мен қызметтің негізінде активтерді қайтару мен тәркілеу тетіктерін жүйесін нығайту.
- ұлттық билік органдарының МАНИВЭЛ (Ақшаның ізін жасыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы шараларды бағалау жөніндегі сарапшылар комитеті) нұсқауларын орындау процесі мен процедурасы туралы хабардарлығын арттыру.

Жалпы мақсат: Қазақстан Республикасына АІЖ/ЛҚҚК саласындағы еуропалық стандарттарға жақындауға көмектесу және Варшава конвенциясын ратификациялауға ынталандыру

Күтілетін нәтиже:

- Варшава конвенциясына толық қосылу туралы ұсыныс жасалды;
- құқық қорғау органдары және қылмысқа қарсы әділсот жүйесінің органдары АІЖ/ЛҚҚК алдын алудағы және экономикалық қылмысқа қарсы анағұрлым пәрменді күресудегі әлеуетін нығайтты;
- ұлттық билік органдары АІЖ/ЛҚҚК тәуекелдерін ұлттық және салалық тұрғыдан бағалаудағы әлеуетін нығайтты;
- ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес саласындағы тәуекелдерге қатысты заңға сәйкестік пен бақылауды қамтамасыз ету әлеуеті нығаяды;
- активтерді қайтару бағдарламасы мен тәркілеу тетіктерінің жүйесі нығаяды.

Басты ұлттық серіктестер: Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Бас прокуратура, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Ішкі істер министрлігі

Киберқылмыс

Қазақстан Республикасында киберқылмыстың өсуі оның билік органдарын киберқылмыс туралы Будапешт конвенциясы (ETS № 185) сияқты ықтимал шешімдерді зерттеуге итермелеп, осы мәселені шешудің пәрменді шаралары қажет екенін көрсетті. Қазақстан Республикасының билік органдары Конвенцияның талаптарына сай келетін ішкі құқықтық және институционалдық базаны Еуропа Кеңесімен егжей-тегжейлі талқылады. Әлеуетті қалыптастыру бойынша 2017, 2018 және 2022 жылдардағы жұмыстан кейін Будапешт конвенциясының ережелеріне сәйкес ұлттық заңнамаға бағалау жүргізілді, оның барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын Будапешт конвенциясына одан әрі сәйкес келтіру бойынша реформалар ұсынылды.

Елдің өтініші бойынша, 2022 жылғы қарашада, 2023 жылғы 19 сәуірде Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитеті Қазақстан Республикасына Киберқылмыс туралы Будапешт конвенциясына қосылуды ұсынды.

Қолданыстағы тиісті заңнамаға қосымша киберқылмыс пен электрондық айғақтар мәселесін шешу үшін қылмысқа қарсы әділсот органдарының әлеуетін нығайту қажет. Еуропа Кеңесі Қазақстан Республикасын төмендегі салаларда қолдау көрсетуге дайын:

- Дербес деректерді автоматты түрде өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы конвенция (108-конвенция) және оған түзету енгізу туралы хаттамаға (Конвенция 108 +²⁹) сәйкес дерек қорғау туралы заңнама сияқты заң үстемдігі мен адам құқықтары қағидаттарына сәйкес Будапешт конвенциясы мен оған қатысты құжаттардың негізінде заңнамалық және саяси базаны нығайту;
- киберқылмыс пен электрондық айғақтар мәселесін шешу үшін қылмысқа қарсы әділсот органдарының әлеуетін нығайту;
- киберқылмыс және сот сараптамасы бойынша мамандандырылған бөлімшелер құру және ведомствоаралық ынтымақтастықты жақсарту;
- мемлекеттік және жекеменшік секторлар арасындағы ынтымақтастықты ілгерілету;
- киберқылмысқа қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың пәрменділігін арттыру.

Жалпы мақсат: Қазақстан Республикасына киберқылмыс саласындағы өз заңнамасын Будапешт конвенциясының стандарттарына жақындатуға тиісті органдардың киберқылмысқа қарсы күресу бойынша мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектесу.

Күтілетін нәтиже:

- заңнамалық және саяси база заң үстемдігі мен адам құқықтары қағидаттарына сәйкес Будапешт конвенциясына жақындатылады;
- қылмысқа қарсы әділсот органдарының киберқылмыс пен электрондық айғақтар мәселесін шешу бойынша әлеуеті нығаяды;
- киберқылмыс және сот сараптамасы бойынша мамандандырылған бөлімшелер құрылады;
- мемлекеттік/жекеменшік секторлардың ынтымақтастығы, сондай-ақ мекеме ішілік және халықаралық ынтымақтастық күшейеді.

Басты ұлттық серіктестер: Бас прокуратура, Ұлттық Қауіпсіздік комитеті, Ішкі Істер министрлігі

Адам саудасы

Қазақстан – адам саудасы құрбандары тұратын, жеткізілетін және басқа елдерге өткізілетін ел. Адам саудасы мәселесіне барынша дәйекті әрі жүйелі көзқарас таныту керек екенін мойындай отырып, Қазақстан Республикасының үкіметі ұлттық заңнаманы, саясат пен іс-тәжірибені халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруді көздейді. Институционалдық деңгейде Ішкі істер министрлігі мен Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі төрағалық ететін айналымдық негізде Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылды.

Бұл саладағы басты құжат – Еуропа Кеңесінің адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы конвенциясы (№ 197 CETS). Ол оған мүше емес барлық мемлекеттер үшін ашық. Конвенция адам құқықтары және жәбірленушілердің мүдделері тұрғысынан адам саудасына қарсы күрес үшін жан-жақты құқықтық негізді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Еуропа Кеңесі адам саудасы мәселесін толыққанды шешуге мүмкіндік беретін арнайы құжаттар мен құралдарды әзірледі, себебі бұл құбылыс әдетте қылмыстың басқа түрлерімен (киберқылмыс, ақшаның ізін жасыру және сыбайлас жемқорлық, балаларды нәпсілік пайдалану және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық) байланысты болады.

Ұсынылып отырған іс-әрекет қазақстандық билік органдарының еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес барынша жан-жақты заңнамалық, саяси және институционалдық базаны әзірлеудегі күш-жігерін қолдауға бағытталады.

Алдын ала жүргізілетін іс-шаралар Еуропа Кеңесінің адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы конвенциясының стандарттарымен, Адам саудасына қарсы күрес жөніндегі сарапшылар тобы (ГРЕТА) әзірлеген нұсқаулықпен (Конвенцияның тараптарына қатысты) және билік пен азаматтық қоғам үшін пайдалы болуы және үкіметтің қазіргі заңнамалық және саяси жұмысқа қатысты мәселелерді қарастыруы кезінде бағдар болуы мүмкін Адам құқықтары жөніндегі еуропалық соттың тиісті іс-тәжірибесімен таныстыруға бағытталады. Олар құқық қорғауға, жәбір көргендердің мүдделерін көздеуге бағытталған, гендерлік мәселелерді есепке алатын пәнаралық және салааралық тәсілдемені қабылдаудың және адам саудасының алдын алуға, жәбір көргендерді қорғауға және оларға көмек көрсетуге, олардың әділсот пен құқық қорғау құралдарына жету мүмкіндігіне, қылмысқа қарсы әділсот пен халықаралық ынтымақтастықты дұрыс қолдану

29. 2018 жылғы 18 мамырда Эльсинорда оның 128-ші сессиясында Министрлер комитеті қабылдаған Дербес деректерді автоматты түрде өңдеу кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы конвенцияға түзету енгізу туралы хаттама

бойынша нақтырақ мұқтаждықтар туралы сұхбатты жолға қоюдың қисындылығы мен маңызы жайында хабардарлықты арттыруға ықпал етеді. Ұсынылып отырған іс-әрекет қазақстандық билік органдарының еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес барынша жан-жақты заңнамалық, саяси және институционалдық базаны әзірлеудегі күш-жігерін қолдауға бағытталады.

Одан соңғы іс-шараларда адам саудасына қарсы күрес туралы жаңа заңнаманы (2023 жылы қабылданады деп топшыланады) енгізу үшін тиісті мүдделі тараптардың шұғыл қимылдау әлеуетін нығайту мен қолдауды көздейтін әрекеттер қамтылуы мүмкін. Оларға төмендегілер кіруі мүмкін:

- адам саудасына байланысты істерді тергеп-тексеру мен сотта қудалауды жетілдіру мақсатында қылмысқа қарсы әділсот саласындағы мамандардың әлеуетін нығайту, бұл пәрменді, сайма-сай әрі тежеуші шектеулерді қолдануға әкеледі, сондай-ақ жәбір көргендердің өтемақы және құқықтық қорғаудың басқа да құралдарын алуына мүмкіндік береді.
- жұмыс күшін саудалаудың құрбандарын, соның ішінде құжаты жоқ маусымдық жұмысшылардың арасындағы сауда құрбандарын анықтап, көмек беру мен қорғауға жіберу үшін еңбек инспекторлары мен басқа да тиісті мамандардың әлеуетін арттыру.
- Көп салалы жұмыстың негізінде мекемеаралық іс-қимылды үйлестіру мен серктестікті нығайту.

Жалпы мақсат: Қазақстан Республикасының билік органдарына адам саудасына қарсы күрес саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес барынша жан-жақты заңнамалық, саяси және институционалдық құқықтық базаны әзірлеуге күш салуда қолдау көрсету

- ағымдағы заңнамалық және саяси жұмысты қолдау мақсатында, ұлттық билік органдары мен азаматтық қоғамның арасында Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы күрес туралы конвенциясының стандарттары, ГРЕТА әзірлеген нұсқаулық және Адам құқықтары жөніндегі еуропалық соттың тиісті іс-тәжірибесі туралы хабардарлықты арттыру;
- Адам саудасына қарсы күрес саласында Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер арасындағы Конвенция стандарттары туралы хабардарлық және озық тәжірибе алмасу артады және Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы күрес туралы конвенциясына Қазақстанның ықтимал қосылуына негіз қалайды.
- Адам саудасына байланысты істерді тергеп-тексеру мен сотта қудалауды жетілдіру мақсатында қылмысқа қарсы әділсот саласындағы мамандардың әлеуеті нығаяды, бұл пәрменді, сайма-сай әрі тежеуші шектеулерді қолдануға әкеледі, сондай-ақ жәбір көргендердің өтемақы және құқықтық қорғаудың басқа да құралдарын алуына мүмкіндік береді;
- жұмыс күшін саудалаудың құрбандарын, соның ішінде құжаты жоқ маусымдық жұмысшылардың арасындағы сауда құрбандарына көмек көрсететін еңбек инспекторлары мен басқа да тиісті мамандардың әлеуетін арттыру;
- Көп салалы жұмыс арқылы мекемеаралық іс-қимылды үйлестіру мен серктестік нығаяды.

Басты ұлттық серіктестер: Ішкі істер министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, Әділет министрлігі, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық, құқық қорғау органдары, сот органдары, адвокаттар, еңбек инспекторлары, ҰЕҰ және бұқаралық ақпарат құралдары.

→ Спорттық конвенциялар

Қайта қаралған Еуропалық спорт хартиясында «спортқа баршаның қол жеткізуі негізгі құқық болып саналады» және барлық адамдардың «спортқа қауіпсіз жағдайларда қол жеткізуге ажырамас құқығы» бар екені, олардың жеке дамуына қажетті және денсаулыққа, білімге, мәдениетке және қоғамдық өмірге қатысуға деген құқықтарын жүзеге асыруына ықпал ететіні баса айтылады. Мәдениет туралы конвенцияның Уағдаласушы тарапы ретінде Қазақстан Еуропа Кеңесінің Спорт сайыстарымен айла-шарғы жасау туралы конвенциясына (Маколин конвенциясы) және Еуропа Кеңесінің Футбол матчтары мен басқа да спорттық шараларда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және оларда қызмет көрсетуге жан-жақты көзқарас туралы конвенциясына (Сент-Дени Конвенциясы) қол қоюға құқығы бар.

Еуропа Кеңесі ұлттық билік органдарының спортта және спорт арқылы адам құқықтарын ілгерілету және спорттағы адалдықты нығайту, спорттағы допингке және спорттық сайыстарда айла-шарғы

жасауға қарсы күресті күшейту, сондай-ақ спорттық шараларда қызмет көрсетудің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруда әлеуетін қолдау мен нығайтуға ұмтылады. Еуропа кеңесі төмендегілерді іске асыруға дайын:

- қайта қаралған Еуропалық спорт хартиясын жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында техникалық көмек көрсету;
- Допингке қарсы конвенцияға сәйкес допингке қарсы жүйені нығайту мақсатында ұлттық билік орындарына және Допингке қарсы ұлттық күрес ұйымына құқықтық және техникалық көмек көрсету;
- ұлттық өкімет орындарына футбол матчтары мен басқа да спорттық шараларда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және оларға қызмет көрсетудің ұлттық стратегиясын қабылдауда және жүзеге асыруда және Сен-Дени конвенциясын болашақта ратификациялауға жәрдемдесу мақсатында осы саладағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруде құқықтық және техникалық көмек көрсету;
- Маколин конвенциясын болашақта ратификациялауға жәрдемдесу мақсатында спорттық сайыстағы айла-шарғыларға қарсы күресте нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруде ұлттық билік орындарына құқықтық және техникалық көмек көрсету;
- құзыретті сот органдарына спортта риясыздық пен адалдықты қамтамасыз етуге жауап беретін прокурорлардың жұмысына қатысу арқылы құқықтық және техникалық көмек көрсету.

Жалпы мақсат: Қазақстан Республикасына өзінің заңнамасын еуропалық стандарттарға жақындатуға және спорттағы адалдық пен лайықты басқаруды жақсартуға көмектесу.

Күтілетін нәтиже:

- Қазақстан Республикасы Маколин және Сен-Дени конвенцияларын ратификациялауға жақсырақ дайындалады;
- Заңнамалық, саяси және институционалдық база еуропалық стандарттарға, атап айтқанда Еуропалық спорт хартиясына, Еуропа Кеңесінің Допингке қарсы конвенциясына және Маколин мен Сен-Ден конвенцияларына сай келеді;
- Тиісті органдар спорттағы адалдық пен риясыздықты және лайықты басқару ісін жақсартуға, спорттың қауіпсіздігін, ондағы әдепті және оған баршаның қатысуын арттыруға бағытталған жан-жақты стратегияларды қабылдайды және жүзеге асырады.

Басты ұлттық серіктестер: Мәдениет және спорт министрлігі, Допингке қарсы ұлттық агенттік, спорттық ұйымдар және үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)

2.3 ДЕМОКРАТИЯ

Еуропа Кеңесі Қазақстан Республикасының Парламентіне Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясы (ЕКПА) мен Қазақстан Республикасының арасында 2004 жылы жасалған Ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде қолдау көрсетуді көздейді.

Жергілікті басқару саласында Еуропа Кеңесі Өңірлік және жергілікті билік органдары конгресінің және Лайықты басқару жөніндегі сараптама орталығының сарапшыларымен консультативтік кеңес, сапар алмасу және әріптестік бағалау түрінде лайықты басқару мәселелері бойынша ынтымақтастық, сондай-ақ Қазақстанда басталған орталықсыздандыру процесін қолдау бойынша ұсыныстамалар әзірлеуге ықпалдасады. Сондай-ақ Қазақстанға «Жергілікті демократия бойынша серіктес» мәртебесін беру туралы мәселе қарастырылуы мүмкін.

Бұл жұмыс БҰҰ-ның Орнықты даму бойынша мақсаттарына (ОДМ), әсіресе 16-шы мақсатына жетуге үлес қосуда³⁰.

2.3.1 ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯ

30. 16-мақсат: Орнықты даму мүддесінде бейбітқатар әрі инклюзивті қоғам құруға ықпалдасу, баршаның әділсотқа қол жеткізуін қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде пәрменді, есеп беруге міндетті және инклюзивті мекемелер құру.

Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясы (ЕКПА) мен Қазақстан Республикасының Парламенті арасындағы ынтымақтастық 2004 жылы қол қойылған Ынтымақтастық туралы келісімнің шеңберінде дамыды. Осы Келісімнің негізінде Парламент мүшелері (ПМ) Ассамблеяның сессияларына және Саяси мәселелер мен демократия жөніндегі комитеттің отырыстарына қатыса алады.

Саяси мәселелер және демократия жөніндегі ЕКПА комитетіне «Парламенттік ассамблея Қазақстан Республикасына демократиялық реформаларды жалғастыруда қолдау көрсетуге тиіс» деген жаңа ұсыныс жасалып, нәтижесінде 2022 жылғы 13 желтоқсанда Баяндамашы тағайындалды. Баяндаманың қорытындысында ЕКПА мен Қазақстан Республикасы Парламентінің арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту бойынша ұсыныстамалар болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Парламентіне атап айтқанда, Еуропа Кеңесіне мүше емес мемлекеттер үшін ашық оның тиісті конвенцияларын ратификациялауды насихаттаудағы рөлін күшейтуге, көппартиялы жүйе шеңберінде депутаттардың әлеуетін нығайтуға және Парламент хатшылығының қызметкерлерінің институционалдық әлеуетін арттыруға қатысты техникалық қолдау көрсетуге болар еді.

Жалпы мақсат: Қазақстан Республикасының елдегі демократияны, заң үстемдігін нығайту, адам құқықтары мен іргелі бостандықтарды құрметтеу бойынша Еуропа Кеңесінің стандарттарын насихаттаудағы жұмысын қолдау.

Күтілетін нәтиже:

- Қазақстан Республикасы Парламентінің мүшелері ортақ құқықтық аймақ құруға үлес қосуға бағытталған Еуропа Кеңесінің мүше емес мемлекеттер үшін ашық конвенцияларымен танысады;
- Қазақстан Республикасы Парламентінің жұмысы демократиялық қағидаттарға сәйкес жақсарады;
- Парламент мүшелерінің көппартиялы жүйеде жұмыс істеу мүмкіндіктері артады.

Басты ұлттық серіктестер: Қазақстан Республикасының Парламенті

2.3.2 ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

Қазақстан Республикасының билік органдары жергілікті басқару саласындағы мәнді ынтымақтастықты дамытуға ынта білдірді. Қазақстан Республикасының Президенті 2022 жылғы наурызда жариялаған реформалар аясында Еуропа Кеңесіне орталықсыздандыру үдерісіне жәрдемдесу туралы өтініш жасалды. Мәлімденген реформалар елдің әкімшілік-аумақтық құрылымын өзгертуді және жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыруды қамтыды. Сондай-ақ, «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» жаңа заңның жобасы дайындалуда.

Еуропа Кеңесі әкімшілік реформаларды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының билік органдарына көмек көрсетуге дайын. Атап айтқанда, Еуропа Кеңесі жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнаманы Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясының қағидаттарына сәйкес келтіруде қолдау көрсете алады. Жергілікті және өңірлік билік органдарының ұлттық қауымдастығын құруға, сондай-ақ орталық және аумақтық билік органдарының арасында диалог жүргізуге көмек көрсетілуі мүмкін.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Лайықты басқару жөніндегі сараптама орталығы (ЛБСО) әзірлеген құралдарға, атап айтқанда, Еуропалық ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ Басқару мәселелері жөніндегі комитеттің (ДБЕК) әріптестік бағалау процесіне мүдделілігін білдірді. Орталықсыздандырудың құқықтық базасын жетілдіруге, атап айтқанда, жергілікті өзін-өзі басқару туралы жаңа заңды әзірлеуге және лауазымды тұлғалардың әлеуетін нығайтуға қолдау көрсету үшін ЛБСО биік лауазымды тұлғаларын тарта отырып, тиісті ДБЕК құралдарының негізінде әріптестік бағалау және әлеуетті арттыру бойынша жұмысты ұйымдастыруға болады.

Жалпы мақсат: жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін, соның ішінде оның пәрменділігін қайта құруда көмек көрсету.

Күтілетін нәтиже:

- жергілікті басқару мен қоғамдық басқару саласындағы құқықтық база жетілдіріледі;
- жергілікті және өңірлік билік органдарының ұлттық қауымдастығы құрылады;
- орталық және аумақтық билік орындары арасында диалог жүргізу оңайлайды;
- Жергілікті басқару саласындағы озық іс-тәжірибе насихатталады.

Басты ұлттық серіктестер: *жергілікті басқару мәселелеріне жауап беретін тиісті министрлік; жергілікті билік органдары үшін жауапты тиісті парламенттік комитет; Жергілікті билік органдарының өкілдері*

III БӨЛІМ – ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

3.1 ӘДІСНАМА

Еуропа Кеңесі жүзеге асыратын техникалық ынтымақтастықты жалпы үйлестіру Бағдарламаларды үйлестіру жөніндегі директораттың (БҮД) құзырлық шеңберіне жатады, ол ынтымақтастықты бағдарламалауға және қаражат тартуға басшылық етеді.

Ынтымақтастық жобалары бойынша негізгі жауапкершілік Еуропа Кеңесінің тиісті тәжірибесі бар «ірі әкімшілік органдарына» жүктеледі.

Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары бойынша жобаларды жүзеге асыру үшін мұқтаждықтарды бағалау, заңнамалық сараптама, әлеует құру, хабардарлықты арттыру, әріптестік шолу мен гендерлік талдау қажет болуы мүмкін. Жүзеге асыру әдіснамасы [Еуропа Кеңесінің жобаларын басқару әдіснамасына](#) (ЖБӨ) сәйкес ұлттық мүдделі тараптардың жауапкершілігін күшейтуге және нәтижелердің орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. ЖБӨ жоспарлау мен қадағалау, қаражат үнемдеу мен тиімділік тұрғысынан жобаны іске асыру сапасын арттырады. Бұл сондай-ақ тәуекелдерді бағалаудың жақсаруына, адам құқықтарын қорғау тәсілдемесін қосуға және гендерлік тұстарға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Еуропа Кеңесі жобалаған ынтымақтастық Еуропа Кеңесінің түрлі мекемелері мен органдарын жаппай қамтитын, инклюзивті, табысты әрі орнықты реформалар өткізу үшін бірегей тетіктер жасау мақсатында, үкіметтік мүдделі тараптарға, парламенттерге, азаматтық қоғамға, Омбудсмен Кеңесі сияқты тәуелсіз басқару институттарына және жергілікті және өңірлік билік органдарына бағдар алуға мүмкіндік беретін "көп институционалдық тәсілдемеге" негізделеді. Бұл жан-жақты, инклюзивті, табысты әрі орнықты реформалар үшін бірегей тетіктер жасайды.

Еуропа Кеңесі өз қызметінің барлық деңгейлері мен кезеңдерінде құқық қорғау тәсілдемесін қолданады. Оның нормативтік-құқықтық базасы, соның ішінде қатысу мен қатыстыру (соның қатарында (гендерлік тұрғыдан теңдестірілген қатысу және азаматтық қоғаммен әрекеттесу) қағидаттарымен ұштасқан Еуропа Кеңесінің құқықтық құжаттары мен мекемелері; теңдік пен кемсітпеушілік; есептілік; және ақпараттың көлегейсіздігі және ашықтығы, мұның бәрі Еуропа Кеңесі қызметінің пәрменділігін қосымша арттырады. [Еуропалық Кеңестің Ынтымақтастық жобаларына қатысты адам құқықтары бойынша тәсілдемесінің іс-тәжірибелік нұсқаулығы](#) жобаларды басқару мен ынтымақтасуда адам құқықтарын қорғау тәсілдемесін жақсырақ қолдануға үлес қосады.

Осы құқық қорғау тәсілдемесінің бір құрамдасы ретінде Еуропа Кеңесі өзінің [2018 - 2023 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясына](#)³¹ сәйкес өзінің жоба бойынша іс-қимылында гендерлік мәселелерді шешуге баса көңіл бөледі. Жобалар Ұйымның, сондай-ақ ұлттық серіктестер мен басқа да мүдделі тараптардың ынтымақтастық бойынша жұмысында гендерлік тұстарды ескерудің іс-тәжірибелік нұсқаулығын ұсынады. Гендерлік мәселелерді назарға алу тәсілдемесі Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарына қатысты іс-қимыл ретінде айқындалатын болады. Тәсілдеме іс-қимылдың ынтымақтастықтың қандай саласына жататынына қарамастан қолданылады. Мысалы, гендерлік теңдік пен әйел құқықтары бойынша стандарттар түрлі заңнамалық актілер мен ұлттық құқықтық базаларды еуропалық стандарттар тұрғысынан қайта қарау кезінде ескерілетін болады. Сондай-ақ гендерлік теңдік туралы мәселе де оқыту жұмысы мен бағдарламаларына енгізіледі. Гендерлік мәселелердің ықпалы жобаларды әзірлеу, жүзеге

31. Еуропа кеңесінің Гендерлік теңдік жөніндегі комиссиясы Хатшылыққа 2023 жылдың соңына дейін МК-нің бекітуіне ұсыну үшін 2024 - 2029 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясының жобасын дайындауды тапсырды.

асыру, олар бойынша есеп беру мен бағалау кезінде талданады. Гендерлік мәселені назарға алумен қоса, гендерлік теңдікті насихаттау бойынша нақты шаралар қарастырылатын болады.

Дәл осындай түрде, Ұйым елдің және оның билік органдарының арасындағы диалогты ынталандырып, оның әлеуетін арттыру жолымен ел ішіндегі өз рөлін нығайту мақсатында [Еуропа Кеңесі ынтымақтастығының жобаларына азаматтық қоғам ұйымдарының қатысуының басшылық қағидаттарына](#) сәйкес азаматтық қоғамның ынтымақтастық бойынша жұмысқа белсенді қатысуына ықпалдасады. Тиісінше, мысалы, азаматтық қоғамның мүдделі тараптарын кейбір жобалардың шеңберінде тиісті жұмыстарға тарту және соларға арнайы бағдарланған жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда.

2022 жылғы мамырда Еуропа Кеңесі жариялаған [азаматтық қоғамға арналған ресурс](#) оның [Азаматтық қоғам анықтамалығына](#) оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Еуропа Кеңесімен ынтымақтастық: азаматтық қоғамға арналған іс-тәжірибелік нұсқаулық» деп аталатын бұл анықтамалықта үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ) үшін мүмкін әрі өзекті болатын қол жеткізу, ынтымақтастық, үлес қосу, қатысу және (немесе) серіктестік түрлері туралы толық ақпарат беріледі.

Қазақстан үшін көршілес елдермен ынтымақтастықтың осы халықтың осал топтарының құқықтарын және (немесе) тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған жобаларды енгізу жолымен осал топтардың нақты мұқтаждықтарын ескеретін болады.

Ұйым балаларды нұқсаннан қорғауға және балалардың қорғануға деген құқығын Ұйымның [Бала құқықтары жөніндегі 2022 - 2027 жылдарға арналған стратегиясына](#) сәйкес толық қамтамасыз етуге ұмтылады.

Дұрыс емес іс-әрекеттер туралы хабарлау және сол үшін қудаланудан қорғау туралы 2023 жылғы 1 маусымда күшіне енген [Еуропа Кеңесінің "Үнсіз қалма" саясаты](#) – Ұйымның этикалық тұжырымдамасының бір бөлігі.

2023 жылғы 16-17 мамырда Еуропа Кеңесінің Мемлекеттер мен Үкімет басшыларының жоғары деңгейдегі 4-ші кездесуінде қабылданған ["Рейкьявик мағлұмдамасы – құндылықтарымыздың негізіндегі бірлік"](#) құжаты қоршаған ортаны қорғаудағы адам құқықтары бойынша жұмысты күшейтуге және Еуропа Кеңесінің осы саладағы жұмысын жұмылдыру мен күшейтудің Рейкьявикте қабылданған үрдіске бастама жасауға бағытталған «Еуропа Кеңесі және қоршаған орта» атты V қосымшасында баяндалған. Осы қосымшада "планетаның ластануына, климаттың өзгеруіне және биологиялық сан алуандықтың жойылуына байланысты үштік дағдарысқа қарсы күресу жолымен қоршаған ортаны қорғау бойынша үйлестірілген шаралар қабылдау қажеттігі" атап көрсетіледі және "адам құқықтары мен қоршаған орта өзара байланысты, сондықтан таза, сау әрі орнықты табиғат – қазіргі және келешек ұрпақтың адам құқықтарын толық жүзеге асыруының ажырамас бөлігі" деп мәлімделеді. Рейкьявик процесі «планетаның ластануына, климаттың өзгеруіне және биологиялық сан алуандықтың жойылуына байланысты үштік дағдарыстың салдарынан туындайтын проблемаларды анықтайды және оларды талқылауға жастардың қатысуына ықпал ете отырып, әрекет ету бойынша жалпы іс-шараларды әзірлеуге үлес қосады» деп күтіледі. Бұл "Еуропа Кеңесінің қоршаған ортаға байланысты қазіргі жұмысын күшейту мен үйлестіру" және "қоршаған орта мен адам құқықтары жөніндегі жаңа үкіметаралық комитет ("Рейкьявик комитеті") құру арқылы жасалатын болады.

Осы қырынан қарағанда, Еуропа Кеңесінің ынтымақтастық секторы осы тақырыптарды қарастыруға әдетте пайдаланылмаған секторлар мен мүдделі тараптар арасындағы пікірталасқа климаттық және экологиялық тұстарды әкелуі ықтимал.

Мұндай жағдайда ынтымақтастық секторы Еуропа Кеңесінің экологиялық мәселелерге тікелей немесе жанама түрде қатысы бар міндеттемелері мен шарттарына, оның үкіметаралық диалог пен ынтымақтастық бойынша жұмыс әдістеріне, сондай-ақ бүкіл Еуропадағы кең ауқымды әрі алуан түрлі сараптамалық баланыстарына сүйене алады. Осы тұрғыдан алғанда, Еуропа Кеңесінің ынтымақтастық секторы климаттың өзгеруіне және қоршаған ортаның тозуына қарсы күресті өз қызметінің ажырамас әрі айқын бөлігіне айналдыруға ұмтылады және негізгі үш салада жұмыс істейді: 1) Еуропа Кеңесінің ынтымақтастық бойынша жобаларына қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі мәселелерін кеңінен ендіру; (2) нақты экологиялық мақсаттарды көздейтін ынтымақтастық жобаларын тұжырымдау мен әзірлеу; және (3) Еуропа Кеңесінің ынтымақтастық бойынша жұмысының экологияға қатысты орнықты болуын қамтамасыз ету мақсатында оның жұмыс әдістері мен іс-тәжірибесін жетілдіру

Қазіргі Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары құжатында сондай-ақ осының алдындағы ынтымақтасу барысындағы іс-қимыл негізінде **жасалған қорытынды** ескеріледі, соның ішінде:

- Ковид-19 пандемиясы кезінде жұмыс әдістерін денсаулық жағдайына бейімдеу бойынша жинақталған тәжірибе белгілі бір дәрежеде болашақ іс-тәжірибеге ендірілуі мүмкін, атап айтқанда АТ құралдарын пайдалану әлдеқайда арта түсуі мүмкін.

Екінші жағынан, жұмыстың кейбір түрлері бойынша баламалы шешімдер табылған жоқ. Бұл әсіресе өңірлерде озық тәжірибе алмасуға, танысу сапарларына немесе оқыту бойынша кейбір іс-шараларға қатысты. Еуропа Кеңесі осы көзбе-көз іс-шараларды жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы жағдайды жақсартудың арқасында ашылатын барлық мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылады.

Жалпы алғанда, ынтымақтастық бойынша болашақ жұмыс барысында желіден тыс дербес іс-шараларға бұрынғысынша басымдық берілуге тиіс. Бенефициарлар да бірнеше рет осындай тілек білдірді.

- Еуропа Кеңесі мен Қазақстан Республикасының арасындағы ынтымақтастық мысалы, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қатысты заңнама бойынша оның жұмысының шеңберінде немесе ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес саласында адам құқықтарын қорғау тұстарын насихаттау шеңберінде адам құқықтары саласындағы бірқатар мәселелерді шешуге бағытталады.

Осы бастапқы нысаналар адам құқықтарына қатысты мәселелер бойынша жұмысты одан әрі кеңейтудің маңызды бағыттарына айналды, себебі ол, Орталық Азияда заң үстемдігін қамтамасыз ету бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижелерге бағдарланған мониторингі туралы 2022 жылғы баяндамада атап көрсетілгендей, заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында атқарылған жұмыстарды айтарлықтай толықтырды³².

- Қазақстан Республикасында Еуропа Кеңесінің кеңесінің болмауына байланысты, Қазақстандағы ынтымақтастық жобалары Еуропа Кеңесінің Страсбургтегі штаб-пәтерінен жүзеге асырылуда. Алыс сапарларға үнемі шығу және Страсбургпен уақыт айырмашылығының үлкен болуы бағдарламаны жүзеге асырудың пәрменділігі мен нәтижелілігіне нұқсан келтіруі мүмкін;
- Күрделі реформаларды жүргізуде тұрақты әрі нәтижелерге бағдарланған түрде көмек көрсету мақсатында ұлттық және халықаралық серіктестердің іс-қимылдарының бірін бірі толықтыруын қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді әрі әртараптандырылған қаржыландыру және олардың жұмысын үйлестірудің тиімді тетіктері қажет.
- ҚЫБ деңгейінде қаржыландыру болған жағдайда, ол қаражатты осы құжатта көрсетілген барлық басым салаларға көмек көрсету үшін икемді үлестіруге мүмкіндік береді.

Басқа ынтымақтастық жобаларындағы сияқты:

- Еуропалық Кеңестің техникалық көмек көрсетудегі адам құқықтары бойынша тәсілдемесі ынтымақтастықтың маңызды элементі болып табылады;
- Жан-жақты реформаларды жүргізу мақсатында ұзақ мерзімді техникалық көмек орнықты қаржыландыру перспективалары мен ұлттық және халықаралық серіктестердің арасында тиімді үйлестіру тетіктерін қажет етеді;

Өз өкілеттіктерінің сипатына қарай, Еуропалық Кеңес өзін тәуекелге тап қылатын күрделі әрі орнықсыз жағдайларда әрекет етеді. Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарын жүзеге асырумен байланысты тәуекелдерді, сондай-ақ олардың салдарын бәсеңдетудің ықтимал стратегияларын талдау Еуропалық Кеңестің 2016 жылғы маусымда қабылданған *Тәуекелдерді басқару бойынша жетекші қағидаттарының* және *Тәуекелдерді басқару саясатының* негізінде қазіргі Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарының II Қосымшасында айқындалады. Көршілес елдермен ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асырылатын барлық жобалардың тәуекелдерді бағалау және олардың салдарын жеңілдету бойынша өз стратегиялары бар.

32. Еуропалық комиссияның тапсырысы бойынша, Орталық Азияда заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша ЕО/ЕК бірлескен бағдарламасының (2020-2023 жылдар) мониторингі туралы нәтижелерге бағдарланған баяндама, 08.10.2022

Ынтымақтастық секторында айқындалған тәуекелдер Ұйымның тәуекелдер тізіліміне енгізіледі, ол мезгіл-мезгіл Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы мен Аға басшылар тобының назарына ұсынылып отырады. Нәтижелерді ішкі аудит, сыртқы аудит бөлімі және Қадағалаушы Кеңесші комитет талдайды.

Covid-19 пандемиясы кезінде Еуропа Кеңесі қоғамдық денсаулық сақтау ісі бойынша ұлттық шараларды орындай отырып, осының алдындағы Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарын іске асыру аясында бизнестің тоқтап қалмауын қамтамасыз етуге тырысты. Індеттің зардабын бәсеңдету бойынша іс-шараларды Еуропа Кеңесі демеушілермен және бенефициарлармен тығыз үйлестіре отырып, ынтымақтастық бойынша бүкіл жұмысының барысында үнемі бейімдеп, жүзеге асырып отырды. Егер жағдай талап етсе, Көршілес елдермен ынтымақтастықтың осы басымдықтарын іске асыруға да дәл осындай тәсілдеме қолданылатын болады.

Ресей Федерациясының Украинаға қарсы агрессиясының және одан кейінгі соғыстың толып жатқан салдары Орталық Азия өңіріне де әсер етті. Covid-19 пандемиясынан онсыз да әлсіреген жағдайда, әсіресе өңірдің Ресей Федерациясына географиялық жақындығы және экономикалық қарым-қатынасына байланысты тұрақсыздық қатері орын алды. Бұл Қазақстан Республикасымен жалпы ынтымақтастыққа әсер етпегенімен, Еуропа Кеңесі Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарын іске асыруға соғыстың ықтимал әсерін қадағалауын жалғастырады және қажет болған жағдайда зардаптарын бәсеңдету шараларын қолданады.

Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа қатысты жеткілікті және әртараптандырылған қаржыландырудың болмау тәуекелі жоғары болып қалуда.

Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарына қаржы тек Еуропалық одақ/Еуропа Кеңесінің Орталық Азияда заң үстемдігін орнату бойынша 2020-2023 жылдарға арналған өңірлік бірлескен бағдарламасы үшін ғана берілді³³. Ерікті жарналар есебінен берілетін қаржы қаражатының жетіспеу қатері бар. Еуропа Кеңесі бұл тәуекелді басқа демеушілерден қаражат жинау бойынша үздіксіз жұмыс арқылы, сондай-ақ егжей-тегжейлі стратегиялық жоспар жасап, ҚЫБ бағдарламасын жүзеге асыруға қатысатын барлық тараптармен тұрақты байланыс жасау арқылы бәсеңдететін болады.

3.2 БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ЖЕТУГЕ ҮЛЕС ҚОСУ

Еуропа Кеңесінің *Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму бойынша мақсаттарын* (ОДМ) ұлттық деңгейде жүзеге асыруға көптен бері қолдау көрсетіп келе жатқанын айта кеткен дұрыс. Сонымен қатар, Еуропа Кеңесінің Мемлекеттер мен Үкімет басшыларының жоғары деңгейдегі 4-ші кездесуінде қабылданған *“Рейкьявик мағлұмдамасында”* Біріккен Ұлттар Ұйымымен ынтымақтастықты кеңейту және әсіресе Орнықты даму мақсаттарын жүзеге асыруға келгенде, онымен көбірек әрекеттесу ұсынылады.

Осы тұрғыдан алғанда, Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарын іске асыру қазақстандық билік органдарының орнықты даму мақсаттарына жетудегі іс-қимылын қолдайды. Бұл жұмыс әсіресе 5- және 16-шы мақсаттарға баса көңіл бөле отырып, 4, 5, 8, 10- және 16-шы мақсаттарға жетуге ықпалдасады.

- **3-мақсат: Барлық жастағы адамдар үшін денсаулық сақтау және салауатты өмір салтына ынталандыру**

Адам саудасы жағдайларында адамдарды сату жағдайларының алдын алу мен емдеуге жауап беретін мекемелердің, соның ішінде медицина мекемелерінің арасындағы жұмысты үйлестіруді жақсарту балалар мен ересек жәбір шегушілерге және адам саудасына түсу қатеріне ұшыраған адамдарға көрсетілетін медициналық көмекті жақсарту арқылы 3-ші мақсатқа жетуге үлес қосуы мүмкін.

- **4-мақсат: Инклюзивті әрі тең құқылы сапалы білім беруді қамтамасыз ету және баршаның өмір бойы оқып-үйрену мүмкіндіктерін насихаттау.**

33. Еуропалық Одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азияда заң үстемдігін орнату бойынша 2020-2023 жылдарға арналған бірлескен бағдарламасы, жалпы бюджеті 8 889 000 еуро (ЕО: 90%, Еуропа Кеңесі: 10%); 2024 жылғы маусымға дейін ұзартылды. Бағдарлама Орталық Азия елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) барлығына ашық.

Көршілес ынтымақтастық басымдықтарының бірі – заңгерлердің күнделікті жұмысында адам құқықтарын жүзеге асырып, сол арқылы 4.7-ші мақсатқа жетуге үлес қосуы олардың әлеуетін арттыру³⁴. Заңгерлерге, соның ішінде судьяларға, прокурорлар мен адвокаттарға адам құқықтары саласында еуропалық білім беру бағдарламасының (ЗАОБ) тақырыптық курстарын жеке-жеке, сондай-ақ онлайн пішімде және Қазақстан Республикасының мұқтаждықтарын ескере отырып өткізу осы жұмысқа үлес қосатын болады. Тиісті курстар мамандардың адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттар туралы білімін тереңдетеді және оларды осы стандарттарды өздерінің күнделікті іс-тәжірибесінде қолдану үшін қажетті машықтарды үйретеді.

- **5-мақсат: Гендерлік теңдікке қол жеткізу және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.**

Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасында әсіресе 5.1³⁵ және 5.2³⁶ мақсаттарға баса көңіл бөлінеді.

Бұған жобалардың жұмысының бүкіл барысында гендерлік проблемаларды назарға ала отырып, құқық қорғау тәсілін қолдану есебінен, сондай-ақ әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың, адам саудасының алдын алу мен күресу және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы нақты жобалар есебінен салааралық негізде қол жеткізілетін болады. Еуропа Кеңесінің гендерлік теңдікті көтермелеуге және әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күресуге бағытталған бірқатар құжаттары, соның ішінде оның Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенциясы (Ыстамбұл конвенциясы) және Еуропа Кеңесінің Балаларды нәпсілік пайдаланудан және нәпсілік қорлаудан қорғау туралы конвенциясы (Лансароте конвенциясы) Еуропа Кеңесінің мүшесі емес мемлекеттер үшін ашық. Қазақстан Республикасына 2020 жылғы 22 сәуірде Ыстамбұл конвенциясына қосылу туралы берілген ұсынысты назарға ала отырып, Еуропа Кеңесі билік органдарына қосылу процесін аяқтауда қолдау көрсетуін жалғастырады. Бұл ынтымақтастық сондай-ақ мамандандырылған мекемелік тетіктерді құруға және тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсететін тиісті субъектілердің әлеуетін нығайтуға ықпалдасады.

- **8-мақсат: Үдемелі, жан-жақты әрі орнықты экономикалық өсуге, баршаның толық әрі өнімді жұмыспен қамтылуына және баршаның лайықты жұмыспен айналысуына ықпалдасу.**

Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасы әсіресе 8.7-ші мақсатқа жетуге ықпалдасады³⁷. Еуропа Кеңесі Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сектордың тиісті реформаларын қолдай отырып және билік органдарын Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы конвенциясына қосылуға шақыра отырып, адам саудасына қарсы күреске күш салуын арттыра береді. Адам саудасы жағдайларын тергеп-тексеру мен қылмыстық қудалау, сондай-ақ зардап шеккендерді анықтау мен қорғау үшін әділсот саласындағы мамандар мен еңбек инспекторларының қолда бар жұмыс әлеуетін нығайтуға қолдау көрсетілетін болады.

- **10-мақсат: Елдердің ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту.**

Теңсіздікті азайту тұрғысынан, көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары 10.2-мақсатқа жетуге ықпалдасады³⁸. Еуропа Кеңесінің Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің кеңсесін (Омбудсмен институты) адам құқықтарын қорғауды ілгерілетуде және құқық бұзу жайттарына, соның ішінде кемсітудің кез келген түріне қарсы күресте қолдайтын болады. Бұл осы мекеменің баршаның игілігі үшін адамның бостандықтары мен құқықтарын қорғау үшін жеткілікті институционалдық мүмкіндіктерінің болуын қамтамасыз етеді.

34. 4-мақсат, 4.7-міндет: 2030 жылға қарай курстан өтушілердің барлығының басқалардың қатарында орнықты даму мен орнықты өмір салты, адам құқықтары, гендерлік теңдік, бейбітшілікті және зорлық жасамау мәдениетін көтермелеу, жаһандық азаматтық пен мәдени саналуандық және мәдениеттің орнықты дамуға қосатын үлесін мойындау мүдделерінде орнықты дамуға үлес қосу үшін қажетті білім мен машықтарды үйренуін қамтамасыз ету

35. 5-мақсат, 5.1-міндет: бүкіл әлемдегі әйелдер мен қыздардың барлығына қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін тоқтату

36. 5-мақсат, 5.2-міндет: қоғамдық және жекеменшік салалардағы әйелдер мен қыздардың барлығына қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін, соның ішінде адам саудасын және пайдаланудың нәпсілік түрі мен басқа да түрлерін жою

37. 8-мақсат, 8.7-міндет: Мәжбүрлі еңбекті жою, қазіргі заманғы құлдық пен адам саудасын тоқтату және бала еңбегінің ең нашар түрлеріне, соның ішінде балаларды әскерге тарту мен пайдалануға тыйым салу мен жоюды қамтамасыз ету бойынша шұғыл әрі пәрменді шаралар қабылдау және 2025 жылға қарай бала еңбегінің барлық түрлерін түбірінен жою

38. 10-мақсат 10.2-міндет: 2030 жылға қарай жасына, жынысына, мүгедектігіне, нәсіліне, ұлтына, шығу тегіне, дініне немесе экономикалық не басқа мәртебесіне қарамастан баршаның қоғам істеріне, экономика мен саясатқа араласу құқықтарын күшейту және ілгерілету

- **16-мақсат: орнықты даму мүддесінде бейбітқатар әрі инклюзивті қоғам құруға ықпалдасу, баршаның әділсөзге қол жеткізуін қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде пәрменді, есеп беруге міндетті және инклюзивті мекемелер құру.**

Еуропа Кеңесінің өкілеттіктерін және оның серіктес елдермен ынтымақтасу бойынша жұмысының сипатын назарға алатын болсақ, көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары орнықты дамудың 16-шы мақсатына жетуге елеулі үлес қосады.

Еуропа Кеңесі Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесін қолдау үшін техникалық көмек көрсетіп, сол арқылы оның жеткілікті институционалдық әлеуетін қамтамасыз ететін болады. Бұл сондай-ақ Уәкіл кеңсесінің, басқа мемлекеттік мекемелер мен азаматтық қоғамның арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал етеді және 16.а мақсатқа жетуге ықпалдасады³⁹. Сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізу жүйесін қолданыстағы еуропалық стандарттарға сәйкес жетілдіру мақсатында қазақстандық билік органдарымен тығыз ынтымақтастық жүзеге асырылады да, бұл 16.3-мақсатқа жетуге ықпалдасады⁴⁰.

Басымдықтар сондай-ақ бала құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жолымен 16.2-мақсатқа⁴¹, сондай-ақ 5-мақсатқа жетуге үлес қосатын болады.

Еуропа Кеңесі тиісті мүдделі тараптардың Лансароте конвенциясы туралы хабардарлығын арттырады, сондай-ақ қорғау мен әлеуметтік қамсыздандырудың қолданыстағы ұлттық жүйесін нығайтуда ұлттық билік органдарына қолдау жасайды.

16.10-міндетте⁴² бекітілген ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуі мен сөз бостандығына келсек, Еуропа Кеңесі Қазақстан Республикасына бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасы мен іс-тәжірибесін Еуропа Кеңесінің стандарттарына сәйкес келтіруде көмек беруді ұсынады. Басымдықтар осы стандарттар туралы, сондай-ақ сапалы әрі этикалық журналистика туралы хабардарлық пен білімді арттыруды ілгерілететін болады.

Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венециялық комиссия) 16-мақсаттың міндеттерін насихаттауда маңызды рөл атқаратын болады. Ол конституциялық, институционалдық және әкімшілік реформаларды қолдау үшін ұлттық билік орындарының сұратуы бойынша құқықтық қорытындылар береді.

Ақшаның ізін жасыру мен лаңкестікті қаржыландыруға (АІЖ/ЛҚҚК) келсек, 16.4-міндетте⁴³ сипатталғандай, Еуропа Кеңесі АІЖ/ЛҚҚК істеріне қарсы тұру бойынша тиісті іс-шараларды әзірлеу үшін ұлттық билік орындарымен ынтымақтасуын жалғастыратын болады. Осы мақсатта Еуропа Кеңесі Қазақстанды Варшава конвенциясына қосылуға одан әрі ынталандырып, АІЖ/ЛҚҚК жайттарының алдын алу, тәуекелдерді бағалауды жақсарту, тиісті қадағалау мен қалпына келтіру/тәркілеу тетіктерін белгілеу мақсатында ұлттық билік органдарының институционалдық әлеуетін нығайту үшін тиісті техникалық көмек көрсететін болады.

16.5-мақсаттың⁴⁴ бір бөлігі – сыбайлас жемқорлық пен парақорлықты азайту – Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарының негізіне алынған.

Қазақстан Республикасы 2020 жылдан бері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының (ГРЕКО) мүшесі болып табылатындықтан, Еуропа Кеңесі ГРЕКО тобының бағалауының бірінші және екінші раундтарының ұсыныстамаларын іске асыру бойынша кеңестеме береді. Бұған ұлттық мекемелердің ұсыныстамаларды орындау, институционалдық базаның тиімділігін арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық билік органдарының мүмкіндіктерін кеңейту бойынша әлеуетін нығайту үшін техникалық көмек көрсету қосылады.

16.6⁴⁵ және 16.7-міндетте⁴⁶ пәрменді мекемелер құру және шешім қабылдау процесін барлық деңгейлерде жетілдіру туралы айтылғандай, Еуропа Кеңесі Қазақстан Республикасының парламентінің тиісті конвенцияларды ратификациялауды ілгерілету бойынша мүмкіндіктерін

39. 16-мақсат, 16.а-міндет: зорлық-зомбылықтың алдын алу және лаңкестік пен қылмысқа қарсы күресу үшін барлық деңгейлерде, атап айтқанда дамушы елдерде әлеуетті арттыру мақсатында тиісті ұлттық мекемелерді, соның ішінде халықаралық ынтымақтастық негізінде нығайту

40. 16-мақсат, 16.3-міндет: ұлттық және халықаралық деңгейлерде заңның үстемдігін көтермелеу және баршаның әділсөзге тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ету

41. Балаларға қатыгездікпен қарауды, оларды пайдалануды, адам саудасын және зорлық-зомбылық пен азаптаудың барлық түрлерін түбірімен жою

42. 16-мақсат, 16.10-міндет: ұлттық заңнама мен халықаралық келісімдерге сәйкес жұртшылықтың ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету және негізгі бостандықтарды қорғау

43. 16-мақсат, 16.4-міндет: 2030 жылға қарай заңсыз қаржы мен қару ағынын айтарлықтай қысқарту, ұрланған активтерді қалпына келтіру мен қайтаруды күшейту және ұйымдасқан қылмыстың барлық түріне қарсы күресу

44. 16-мақсат, 16.5-міндет: сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрлерін айтарлықтай азайту

45. 16-мақсат, 16.6-міндет: барлық деңгейлерде пәрменді, іске жауапкершілікпен қарайтын және көлегейсіз мекемелер құру

46. 16-мақсат, 16.7-міндет: Барлық деңгейлерде шешімдердің жауапкершілікпен, инклюзивті, баршаның қатысуымен және өкіл арқылы қабылдануын қамтамасыз ету

кеңейту мақсатында, сондай-ақ парламент мүшелерінің көппартиялы жүйеге қатысу бойынша мүмкіндіктерін арттыру мақсатында оларға техникалық қолдау көрсетеді. Еуропа Кеңесі сондай-ақ жергілікті басқару реформаларын, сондай-ақ елді басқарудың түрлі деңгейлерінің арасындағы диалогты қолдайтын болады.

3.3 ҮЙЛЕСТІРУ

Еуропалық Кеңестің ресурстарды тиімді пайдалануын және іс-қимылдарының өзектілігін қамтамасыз етуді үйлестіру түрлі деңгейлерде және түрлі форумдарда, соның ішінде Еуропалық Кеңестің Министрлер комитетінде (МК) жүзеге асырылады.

Еуропа Кеңесінің іс-шаралары оның айтарлықтай іс-тәжірибесі мен қосатын үлесі мол салаларда қабылданады және жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының билік орындарымен ынтымақтастық басқа халықаралық ұйымдар мен жергілікті жерлердегі қатысушылар көздейтін мақсаттарды, сондай-ақ олардың сол мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылатын және (немесе) жоспарланатын жұмысын мұқият талдаудың негізінде әзірленеді.

Еуропа Кеңесі өзінің іс-қимылының өзектілігін қамтамасыз ету үшін жұмысын тиісті халықаралық серіктестермен, атап айтқанда Еуропалық Одақпен және оның ішінде Қазақстандағы ЕО делегациясымен тығыз үйлестіре отырып жүргізеді.

Еуропа Кеңесі өз жұмысын Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымымен (ЕҚЫҰ) және Біріккен Ұлттар Ұйымымен (БҰҰ) өте тығыз үйлестіреді.

Атап айтқанда, Ұйым әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саласында «БҰҰ-Әйелдер» агенттігімен өзара іс-қимылды жолға қойды. Жұмыстың пәрменділігін қамтамасыз етіп, іс-әрекеттің қайталануына жол бермеу үшін Еуропа Кеңесі өз іс-қимылын әділсот және адам құқықтарын қорғау саласында әрекет ететін барлық басқа қатысушылармен, соның ішінде Америкалық адвокаттар қауымдастығымен және USAID қаржыландыратын Заң үстемдігі бағдарламасымен (2020-2025) үйлестіреді. Еуропа Кеңесі азаматтық қоғамның халықаралық ұйымдарымен ынтымақтасады, оларды бағдарламалық іс-шараларға қатысушылар және ұлттық сарапшылар ретінде, атап айтқанда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен азаптаудың алдын алу мәселелері бойынша қатысуға тартады.

Қисынды болған тұстарда басқа халықаралық ұйымдармен үйлестіру платформалары құрылады және бірлескен іс-шаралар өткізіледі.

Жұмыстың пәрменділігін қамтамасыз етіп, іс-әрекеттің қайталануына жол бермеу үшін Еуропа Кеңесі өз жұмысын қатысушы/байқаушы мемлекеттердің даму мәселелері жөніндегі мекемелерімен және Еуропа Кеңесіне мүше/байқаушы мемлекеттердің елшіліктерімен үйлестіреді.

3.4 ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Осы Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасының жалпы бюджеті шамамен 8 120 000 еуроны құрайды. 197 530 еуро мөлшерінде қаржыландыру (жалпы бюджеттің 2%-ы) қамтамасыз етілді.


Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарының шеңберіндегі жобалар бірнеше қаражат көзінен қаржыландырылуға тиіс. Қаржыландыру негізінен демеуші елдердің және халықаралық ұйымдардың ерікті жарналары есебінен, соның ішінде Еуропалық одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азиядағы заңның үстемдігі бойынша 2020-2023 жылдарға арналған және 2024 жылғы маусымға дейін ұзартылған өңірлік бірлескен бағдарламасының⁴⁷ есебінен жүзеге асырылуға тиіс.

Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарын іске асыруды үйлестіруге Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтарының тікелей шығындарының 7%-ынан аспайтын жалпы әкімшілік шығындары жұмсалады.

Еуропа Кеңесінің ресурстарды жұмылдыру стратегиясына сәйкес Бағдарламаларды үйлестіру жөніндегі директорат (БҰД) үйлестіретін қаражат жинау бойынша жұмыс тұтастай алғанда Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтарына шоғырланған. Атап айтқанда, көршілес

47. Еуропалық Одақтың/Еуропа Кеңесінің Орталық Азияда заң үстемдігін орнату бойынша 2020-2023 жылдарға арналған бірлескен бағдарламасы, жалпы бюджеті 8 889 000 еуро (ЕО: 90%, Еуропа Кеңесі: 10%), Бағдарлама 2024 жылғы маусымға дейін ұзартылды. Бағдарлама Орталық Азия елдерінің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) барлығына ашық.

ынтымақтастықтың басымдықтары деңгейінде қаржыландыру қаражатты неғұрлым қажет жерлерде және де шешуші саяси және институционалдық реформалардың орнықтылығына барынша ықпал ететін жерлерде икемді бөлуге мүмкіндік береді.



2-сурет: Қазақстан Республикасымен көршілес ынтымақтастықтың 2024-2027 жылдарға арналған басымдықтары тақырыбының шамамен алынған бюджеті (миллион еуро)

3.5 БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті (МК) өзінің Сыртқы байланыстар жөніндегі баяндамашылар тобы (GR-EXT) арқылы көршілес ынтымақтастықтың басымдықтарын жүзеге асырудың жалпы нәтижелерін бағалайды.

Еуропа Кеңесі Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасының жүзеге асырылу барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты үнемі жаңартылып тұрады. Осы мақсатта Бағдарламаларды Үйлестіру Директораты Басқармасы (БҮД) төмендегі аралық және қорытынды баяндамаларды Министрлер Комитетінің қарастыруына ұсынады:

- Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасы жүзеге асырыла бастағаннан кейін 12 ай және 36 ай өткенде ауызша баяндамалар;
- Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасы жүзеге асырыла бастағаннан кейін 24 ай өткенде Жұмыс барысы туралы жан-жақты аралық баяндама;
- Көршілес ынтымақтастықтың басым бағыттары бағдарламасы жүзеге асырылғаннан кейін Жұмыс барысы туралы соңғы есепхат.

Сондай-ақ, Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары бойынша жетістіктерді Еуропа Кеңесі мен қазақстандық билік орындары бірлесіп бағалайтын болады. Осы мақсатта Сыртқы Істер министрлігінің және Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары бағдарламасын жүзеге асыруға қатысатын басқа ұлттық мүдделі тараптардың өкілдерінен, соның ішінде әлеуметтік қоғамның, сондай-ақ Еуропа Одағының өкілдерінен тұратын Көршілес ынтымақтастықтың басымдықтары жөніндегі жетекші комитет құрылады.

Бұл Жетекші комитет жобалардың жүзеге асырылуын бағалайды, келешектегі бірлескен жұмыс пен қиындықтарды талқылайды және Көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарының тиімділігін арттыруға бағытталған кез келген шараларға қатысты ұсыныстамалар береді. Гендерлік жағынан теңгерімді қатысу салалық білім мен іс-тәжірибеге байланысты шектеулерді ескере отырып қамтамасыз етілуге тиіс.

Көршілес ынтымақтастық басымдықтары бағдарламасының байланыстық деректері

Бағдарламанды үйлестіру жөніндегі директорат

Еуропа Кеңесі

F-67075 Strasbourg Cedex

Тел.: + 33 (0)3 90 21 56 54

Факс: + 33 (0)3 90 21 46 31

Эл.пошта (кімге): DPC@coe.int

www.coe.int/programmes

I ҚОСЫМША: ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Гендерлік теңдік, гендерлік мәселелерді ескеру және азаматтық қоғамның қатысуы сияқты жан-жақты тұстар Еуропа Кеңесінің құқық қорғау тәсілдемесінің негізгі құрамдастары болып табылады.

Жалпы мақсат: ұлттық заңнаманы адам құқықтары, заңның үстемдігі және демократия саласындағы еуропалық стандарттармен сәйкестікке келтіру үшін мемлекеттік секторды қайта құруда ұлттық билік органдарына көмек көрсету.

| Адам құқықтары | |
|--|--|
| Тақырыптық нәтиже: Адам құқықтарын, теңдік пен адамның абыройын қорғау жақсарады. Еуропа Кеңесінің стандарттары Қазақстан Республикасында ұлттық деңгейде, оның ішінде азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынастың алдын алу, сөз бен ақпарат бостандығы, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа және отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және балалардың құқықтарын қорғау саласында насихаталады. | |
| Осы саладағы іс-қимыл Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму бойынша төмендегі мақсаттарын іс жүзіне асыруға үлес қосады: 4-, 5-, 8-, 10- және 16-шы. | |
| Нәтижелер | Көрсеткіштер |
| 1.1. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ <i>Азаптау мен қатыгездік әрекеттердің алдын алу</i> <ul style="list-style-type: none">Қатыгездік пен азаптаудың алдын алудың институционалдық/шұғыл іс-қимыл жүйелерін жақсартуға арналған ұлттық әлеует күшейеді;қатыгездікпен қарау және азаптау туралы арыздарды сот талқылауларының барысында өз құзыреттеріне сәйкес және адам құқықтары саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарды қолдана отырып қарастыру үшін әлеуеті мен машықтары жеткілікті заңгерлердің, атап айтқанда, прокурорлардың, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (Омбудсмен) кеңсесінің қызметкерлері мен өңірлік өкілдерінің саны артады. <i>Ұлттық құқық қорғау мекемелеріне қолдау көрсету</i> <ul style="list-style-type: none">Уәкілдің кеңсесінің қызметкерлерінің жекелеген істерді қарастыру бойынша әлеуеті артады;Уәкілдің кеңсесінің қызметкерлері елдегі адам құқықтары саласындағы жағдай туралы сараптамалық баяндамалар жасау бойынша қажетті машықтарды үйренеді; | <i>Азаптау мен қатыгездік әрекеттердің алдын алу</i> <ul style="list-style-type: none">Қатыгездік пен азаптаудың алдын алудың институционалдық және шұғыл жүйелерін жетілдіру мақсатында ұлттық билік органдары қабылдаған нақты шаралардың саны;Еуропа Кеңесінен өздерінің әлеуетін күшейту мақсатында атаулы қолдау алып жүрген заңгерлердің, атап айтқанда прокурорлардың және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (Омбудсмен) кеңсесінің қызметкерлері және оның аймақтық өкілдері. <i>Ұлттық құқық қорғау мекемелеріне қолдау көрсету</i> <ul style="list-style-type: none">Уәкілдің кеңсесінің жекелеген істер бойынша дайындықтан өткен қызметкерлерінің саны;Уәкілдің кеңсесінің елдегі адам құқықтары саласындағы жағдай туралы талдама баяндамалар жасау бойынша дайындықтан өткен қызметкерлерінің саны; |

- Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам құқықтарының бұзылуына қарсы күресте басқа мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасады;
- Уәкілдің кеңсесінде мемлекеттік органдарға жіберілген ұсыныстамаларанда орындауға арналған әдіснама бар.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарын қорғау

- қылмыстық іс жүргізу бойынша заңнама мен ұйымдық құрылым адам құқықтары саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарға сай болу мақсатында жетілдіріледі;
- Адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттарға сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу бойынша тиісті іс-тәжірибені қолданудағы заңгерлердің (судьялар, прокурорлар мен адвокаттар) мүмкіндіктері кеңейеді.

Заңгерлерге адам құқықтары бойынша білім беру

- Бүкіл Қазақстан Республикасындағы заңгерлердің санын арттыру олардың адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттар бойынша білімін арттырады және адам құқықтары саласындағы ұлттық заңнаманы еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес іске асыру үшін қажетті машықтарды үйретеді.

Сөз және ақпарат бостандығы

- Еуропа Кеңесінің баспасөз бостандығы саласындағы құралдарынан хабардар болу және білу дәрежесі артады;
- Сөз бостандығы, баспасөз бостандығы және ақпаратқа қол жеткізу бостандығы саласындағы заңнамалық және саяси база жақсарады.
- сапалы әрі рухы таза журналистік іс қағидаттары туралы хабардарлық артады.

- Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің кеңсесінің, басқа да мемлекеттік мекемелер мен ҮЕҰ арасындағы адам құқықтарының бұзылуына қарсы күресудегі ынтымақтастық деңгейі;
- Уәкілдің кеңсесінің мемлекеттік мекемелерге өзі берген ұсыныстамаларының орындалуы бойынша әлеуеті мен тиісті әдіснамасы қандай дәрежеде бар.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқықтарын қорғау

- Қылмыстық іс жүргізу бойынша заңнама мен ұйымдық құрылым адам құқықтары саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттарға сай болу мақсатында қаншалықты жетілдіріледі;
- Дайындықтан өткен және озық іс-тәжірибемен таныс заңгерлер саны;
- Заңгерлердің қылмыстық сот ісін жүргізу барысында адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттарды білу мен пайдалану деңгейі.

Заңгерлерге адам құқықтары бойынша білім беру

- Дайындықтан өткен және озық іс-тәжірибемен таныс заңгерлер саны;
- Заңгерлердің мемлекеттік заңнаманы жүзеге асыру бпырысында адам құқықтары саласындағы еуропалық стандарттарды білу мен пайдалану деңгейі.

Сөз және ақпарат бостандығы

- Заңгерлердің, бұқаралық ақпарат жөніндегі мамандардың, бұқаралық ақпарат құралдарының/журналистердің қауымдастықтарының Еуропа Кеңесінің ақпарат бостандығы саласындағы құжаттарын білу мен пайдалану деңгейі;
- Сөз бостандығы, бұқаралық ақпарат құралдары және ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнамалық базаның еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкестік дәрежесі;
- Этикалық стандарттарды нығайту үшін қабылданған шаралар саны;
- Этикалық нормалар бойынша дайындықтан өткен бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің саны.

1.2. ТЕНДІК ЖӘНЕ АДАМНЫҢ АБЫРОЙЫ

Әйелдерге зорлық-зомбылық жасауға және тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресу

- Қазақстан Республикасы Еуропа Кеңесінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенциясына (Ыстамбұл конвенциясы) толық қосылады
- Ұлттық саясат пен құқықтық база Ыстамбұл конвенциясының стандарттарына сәйкес күшейтіледі;
- Мамандандырылған институционалдық тетіктерді дамыту және агенттіктердің арасындағы жұмысты үйлестіру тездейді;
- Гендерлік негізде және отбасында жасалатын зорлық-зомбылықтан жәбір көргендерге қолдау көрсететіндердің мүмкіндіктері кеңейеді.

Бала құқықтары

- Қазақстан Республикасының билік органдары Балаларды нәпсілік пайдаланудан және нәпсілік қорлаудан қорғау туралы конвенция (Лансароте конвенциясы) туралы хабардарлығын жақсартты және оны ратификациялауға ынта білдіруде;
- Балаларды қорғаудың заңнамалық, саяси және институционалдық базасының Лансароте конвенциясына сәйкестік дәрежесі артуда;
- тиісті органдар балаларға зорлық-зомбылық жасаудың барлық түрлерінің, соның ішінде нәпсілік зорлық-зомбылықтың алдын алудың және оларды қорғаудың пәрменділігін арттыруға бағытталған жан-жақты стратегияларды қабылдайды;
- негізгі мүдделі тараптар мен кәсіпқой мамандар балаларды нәпсілік қорлау туралы және оның алдын алу тетіктері туралы жақсырақ хабардар болады;
- Билік органдары мен тиісті мамандар балаларға зорлық-зомбылық жасаудың барлық түрлерінің алдын алу және қорғау, сондай-ақ жәбірленген балалар мен куәгерлерге қолдау көрсету бойынша мүмкіндіктерін жұмылдырады.

Әйелдерге зорлық-зомбылық жасауға және тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресу

- Ұлттық заңнаманың Ыстамбұл конвенциясына сәйкес келу дәрежесі;
- Ыстамбұл конвенциясына қосылу үшін билік орындары қабылдаған нақты қадамдар
- Конвенцияға сәйкес саясат пен құқықтық базаға өзгертулер енгізуге қатысты билік органдарының әрекеттену деңгейі;
- Мамандандырылған институционалдық тетіктерді дамыту/нығайту бойынша қабылданған шаралар саны;
- Тиісті ұлттық агенттіктер мен мекемелердің арасындағы жұмысты үйлестіру деңгейі;
- Гендерлік негізде және отбасында жасалатын зорлық-зомбылықтан жәбір көргендерге қолдау көрсететіндердің мүмкіндіктері қаншалықты кеңейеді.

Бала құқықтары

- Лансароте конвенциясына толық қосылуға деген мүдделілік дәрежесі және ол бойынша қабылданған нақты қадамдар;
- Заңнамалық, саяси және институционалдық базаның Лансароте конвенциясына сәйкес келу дәрежесі;
- балаларға жасалатын зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің, соның ішінде нәпсілік зорлық-зомбылықтың алдын алуды және оларды қорғауды жақсарту үшін қабылданған стратегиялардың саны;
- негізгі мүдделі тараптар мен кәсіпқой мамандардың балаларды нәпсілік қорлау және оның алдын алу тетіктері туралы хабардарлық деңгейі;
- Ұлттық билік органдары мен тиісті мамандар қолдау көрсеткен зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар мен куәгерлердің саны.

ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ

Тақырыптық нәтиже: Заңның үстемдігіне негізделген ұлттық демократиялық институционалдық құрылымдар әзірленеді және күшейтіледі. Азаматтар қылмысқа қарсы күрес саласында еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес қайта қаралған ұлттық құқықтық және институционалдық базаны пайдаланады

Осы саладағы іс-қимыл Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму бойынша төмендегі мақсаттарын іс жүзіне асыруға үлес қосады: 3-, 5-, 8-, 10- және 16-шы мақсаттар.

| Нәтижелер | Көрсеткіштер |
|---|---|
| <p>2.1. ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН МЕКЕМЕЛЕР</p> <p><i>Құқық арқылы демократия (Венециялық комиссия)</i></p> <ul style="list-style-type: none">• билік орындары халықаралық және еуропалық стандарттар мен озық іс-тәжірибеге сәйкес конституциялық және институционалдық реформа процесін одан әрі қолдау үшін, сондай-ақ тиісті ұсыныстамаларды орындау үшін Еуропа Кеңесінің Венециялық комиссиясының сараптамалық қызметтер көрсетуін өтінеді;• Әкімшілік құқық пен әділсот саласындағы жаңа заңнама дайындалды және ендіру үшін дайын;• биік лауазымды тұлғалар мен сот органдары өкілдерінің көпшілігінің заңның үстемдігіне қатысты еуропалық және халықаралық стандарттар бойынша білімі жақсарды;• конституциялық шағым беру арқылы жекелеген адамдар мен топтардың құқықтарының инклюзивті әрі тең дәрежеде қорғалуы және әділсотқа жетуі қамтамасыз етіледі;• конституциялық шағымдарға қатысты сот ісін жүргізу процедураларының сапасы жақсарады. <p><i>Әділсоттың тәуелсіздігі мен пәрменділігі</i></p> <ul style="list-style-type: none">• Әділсотқа қатысты заңдар мен саясаттар Еуропалық Кеңестің мамандарының сарапшылық көмегінің арқасында еуропалық стандарттармен сәйкестікке келтіріледі;• Сот этикасы мен тәртіптік сот өндірісі саласындағы құқықтық база мен іс-тәжірибеге баға беру және ұсыныстамалар жасау есебінен Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі судьялардың тәуелсіздігі мен жауапкершілік деңгейі жоғарылайды;• Әділсотқа қол жеткізу мүмкіндігі жақсарады; | <p><i>Құқық арқылы демократия (Венециялық комиссия)</i></p> <ul style="list-style-type: none">• Қазақстан Республикасының билік органдарының сұратуы бойынша Венециялық комиссия берген заң жобалары бойынша құқықтық қорытындылардың саны;• Әкімшілік құқық пен әділсот саласындағы құқықтық базаға еуропалық және халықаралық стандарттарға сәйкес өзгертулер енгізуге қазақстандық билік органдарының жауапкершілікпен қарау деңгейі;• Заңның үстемдігі саласындағы еуропалық және халықаралық стандарттар мен озық іс-тәжірибе бойынша дайындықтан өткен аға лауазымды тұлғалар мен сот органдары өкілдерінің саны;• жекелеген адамдар мен топтар берген конституциялық шағымдардың саны;• Конституциялық шағымдарға қатысты сот ісін жүргізу процедураларының сапасын жақсарту үшін қабылданған шаралар саны. <p><i>Әділсоттың тәуелсіздігі мен пәрменділігі</i></p> <ul style="list-style-type: none">• Әділсотқа қатысты заңдар мен саясаттың еуропалық стандарттарға сәйкес келу дәрежесі;• сот органдарының тәуелсіздігі мен есептілігіне қатысты ұсынылған бағалардың, ұсыныстамалардың, құқықтық және сараптамалық қорытындылардың саны;• әділсотқа және дауларды шешудің баламалы тетіктеріне қол жеткізуді жақсарту бойынша қабылданған шаралардың саны; |

- Дауларды шешудің баламалы тетіктері нығаяды;
- халыққа көрсетілетін қызметтердің, тегін құқықтық көмек берудің сапасы тегін құқықтық көмек берумен және ақысыз заң қызметтерін көрсетумен айналысатын заңгерлерге арналған мақсатты іс-шаралар арқылы жақсарады; құқықтық көмек беру жүйесі күшейеді;
- судьяларды оқыту және басқа да іс-шаралар (әділсот жүйесінің, соттардың жұмысын және судьялар атқаратын жұмысты саралау мен бағалау құралдарын қамтамасыз ету), сондай-ақ осы салаларда алдыңғы қатарлы еуропалық іс-тәжірибені бөлісу арқылы судьялардың сот өндірісінің қазіргі заманғы әдістеріне қатысты әлеуетті мүмкіншіліктері артады;
- Қазақстан Республикасындағы соттардың көпшілігінде Әділсоттың пәрменділігі жөніндегі Еуропалық комиссияның (ӨПЖЕК) белгілі бір құралдарына, Еуропалық судьялардың консультациялық кеңесінің (ЕСКК), Еуропалық прокурорлардың Консультациялық кеңесінің (ЕПКК) қорытындыларына негізделген ынтымақтастық бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы елдегі сот жүйесінің күнделікті жұмысы жақсарады.

Құқықтық ынтымақтастық

- Еуропа Кеңесінің мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер үшін ашық Еуропа Кеңесінің негізгі конвенцияларының және басқа да халықаралық стандарттардың негізінде Еуропа мен Қазақстанның арасында ортақ құқықтық аймақ құрудың артықшылықтары туралы хабардарлық барған сайын арта түсуде;
- Ұлттық билік орындары Еуропа Кеңесінің мүшелері болып табылмайтын мемлекеттер қол қойып, ратификаттай алатын тиісті конвенциялар туралы жақсы біледі;
- Тиісті заңнама жекелеген конвенцияларда белгіленген стандарттардың негізінде қайта қаралады;
- Осы конвенцияларға қосылу туралы өтініштер түсіп жатыр.

- құқықтық көмек беруді жетілдіру және азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту мәселелері бойынша дайындықтан өткен адвокаттардың саны;
- сот ісін жүргізудің қазіргі заманғы әдістері бойынша дайындықтан өткен және озық іс-тәжірибесі бар судьялардың саны;
- Еуропа Кеңесінің сот ісін жүргізу әдістерін жетілдіруге бағытталған стандарттары мен құралдарын судьялардың білу мен пайдалану деңгейі;
- Қазақстан Республикасындағы сот жүйесінің күнделікті жұмысына бағытталған және нақты ӨПЖЕК құралдарын және ЕПКК қорытындыларын пайдаланатын ынтымақтастық бағдарламаларына қатысты сот органдарының әрекеттену деңгейі.

Құқықтық ынтымақтастық

- ұлттық және тәуелсіз органдардың өкілдерінің тиісті конвенциялардың ережелері және тиісті толық қосылу процедуралары туралы білім деңгейі;
- ұлттық заңнаманың жекелеген конвенцияларда белгіленген стандарттарға сәйкестік дәрежесі;
- Еуропа Кеңесінің конвенцияларына толық қосылу туралы берілген өтініштердің саны.

2.2. ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕС, АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ

→ Қылмысқа қарсы күрес және азаматтардың қауіпсіздігі – сыбайлас жемқорлық, ақшаның ізін жасыру, киберқылмыс, Адам саудасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының (ГРЕКО) ұсыныстамаларын орындаудағы ұлттық билік органдарының мүмкіндіктері артады;
- саяси партиялар мен сайлау науқандарын қаржыландырудың және сыбайлас жемқорлыққа қатысты айыптаудың құқықтық және институционалдық базасының пәрменділігі күшейеді;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (СЖКА) сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың пәрменді құралдарын ендіру бойынша институционалдық әлеуеті артады.

Ақшаның ізін жасыруға қарсы күресу

- Варшава конвенциясына толық қосылу туралы ұсыныс жасалды;
- құқық қорғау органдары және қылмысқа қарсы әділсот жүйесінің органдары АІЖ/ЛҚҚК алдын алудағы және экономикалық қылмысқа қарсы анағұрлым пәрменді күресудегі әлеуетін нығайтты;
- ұлттық билік органдары АІЖ/ЛҚҚК тәуекелдерін ұлттық және салалық тұрғыдан бағалаудағы әлеуетін нығайтты;
- ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес саласындағы тәуекелдерге қатысты заңға сәйкестік пен бақылауды қамтамасыз ету әлеуеті нығаяды;
- активтерді қайтару бағдарламасы мен тәркілеу тетіктерінің жүйесі нығаяды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу

- ГРЕКО ұсыныстамаларын орындау жолында ұлттық билік органдары қабылдаған шаралар саны;
- ұлттық билік органдары жүзеге асырған ГРЕКО ұсыныстамаларының саны;
- Саяси партиялар мен сайлау науқандарын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа байланысты айыптауларды қаржыландыруға қатысты құқықтық және институционалдық базаның пәрменділігінің Еуропа Кеңесінің стандарттарына және басқа да халықаралық стандарттарға сәйкес келу дәрежесі;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмысы қаншалықты пәрменді.

Ақшаның ізін жасыруға қарсы күресу

- Варшава конвенциясына толық қосылу үшін ұлттық билік органдары қабылдаған нақты қадамдар;
- АІЖ/ЛҚҚК және экономикалық қылмысқа қарсы күрес бойынша дайындықтан өткен құқық қорғау және қылмыстық әділсот саласындағы мамандардың саны;
- АІЖ/ЛҚҚК тәуекелдерін ұлттық және салалық шеңберде бағалау үшін Еуропа Кеңесінің құралдары мен озық іс-тәжірибесін ұлттық билік органдарының білу мен пайдалану деңгейі;
- ұлттық билік органдары жүргізген тәуекелдерді бағалау саны;
- АІЖ бойынша тәуекелдерге негізделген заңға сәйкестікті ұстану мен қадағалауды күшейту үшін қабылданған шаралардың саны;
- Активтерді қайтару базасын және тәркілеу тетіктерін жетілдіру бойынша қабылданған шаралар саны.

Киберқылмыс

- заңнамалық және саяси база заң үстемдігі мен адам құқықтары қағидаттарына сәйкес Будапешт конвенциясына жақындатылады;
- қылмысқа қарсы әділсот органдарының киберқылмыс пен электрондық айғақтар мәселесін шешу бойынша әлеуеті нығаяды;
- киберқылмыс және сот сараптамасы бойынша мамандандырылған бөлімшелер құрылады;
- мемлекеттік/жекеменшік секторлардың ынтымақтастығы, сондай-ақ мекеме ішілік және халықаралық ынтымақтастық күшейеді.

Адам саудасы

- Ағымдағы заңнамалық және саяси жұмысты қолдау мақсатында, ұлттық билік органдары мен азаматтық қоғамның арасында Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы күрес туралы конвенциясының стандарттары, ГРЕТА әзірлеген нұсқаулық және Адам құқықтары жөніндегі еуропалық соттың (Еуропалық сот) тиісті іс-тәжірибесі туралы хабардарлық артады;
- Адам саудасына қарсы күрес саласында Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттер арасындағы Конвенция стандарттары туралы хабардарлық және озық тәжірибе алмасу артады және Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы күрес туралы конвенциясына Қазақстанның ықтимал қосылуына негіз қалайды.
- Адам саудасына байланысты істерді тергеп-тексеру мен сотта қудалауды жетілдіру мақсатында қылмысқа қарсы әділсот саласындағы мамандардың әлеуеті нығаяды, бұл пәрменді, саймаса әрі тежеуші шектеулерді қолдануға әкеледі, сондай-ақ жәбір көргендердің өтемақы және құқықтық қорғаудың басқа да құралдарын алуына мүмкіндік береді;
- жұмыс күшін саудалаудың құрбандарын, соның ішінде құжаты жоқ маусымдық жұмысшылардың арасындағы сауда құрбандарына көмек көрсететін еңбек инспекторлары мен басқа да тиісті мамандардың әлеуеті артады;
- Көп салалы жұмыс арқылы мекемеаралық іс-қимылды үйлестіру мен серіктестік нығаяды.

Киберқылмыс

- заңнамалық және саяси базаның Будапешт Конвенциясына сәйкестік дәрежесі;
- Киберқылмыс пен электрондық айғақтар мәселесін шешу үшін дайындықтан өткен заңгерлер мен құқық қорғаушы қызметкерлердің саны;
- Киберқылмысқа қарсы күрес және сот сараптамасы бойынша мамандандырылған бөлімшелерді құру үшін қабылданған шаралардың саны;
- Киберқылмысқа қарсы күресте мемлекеттік және жекеменшік секторлар, мекемеаралық және халықаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша қабылданған шаралар саны.

Адам саудасы

- Мемлекеттік лауазымды тұлғалар мен азаматтық қоғам мамандарының Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы күрес туралы конвенциясының стандарттарын, ГРЕТА қағидаттарын және Сот ісі туралы тиісті заңнаманы білу деңгейі;
- Конвенцияға сәйкес саясат пен құқықтық базаға өзгертулер енгізуге қатысты билік органдарының әрекеттену деңгейі;
- Адам саудасына байланысты істерді пәрменді түрде тергеп-тексеру үшін дайындықтан өткен қылмыстық сот қызметкерлерінің саны;
- адам саудасының құрбандарын анықтау және оларға көмек көрсету мәселелері бойынша дайындықтан өткен еңбек инспекторлары мен басқа мамандардың саны;
- Мекемеаралық жұмысты үйлестіру жөніндегі бастамалар мен серіктестер саны

| | |
|--|---|
| <p>→ Спорттық конвенциялар</p> <ul style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасы Спорттық сайыстармен айла-шарғы жасау туралы конвенцияны және Футбол матчтары мен басқа да спорттық іс-шараларда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және оларға қызмет көрсетуге жан-жақты көзқарас туралы конвенцияны (Маколин және Сен-Дени конвенциялары) ратификациялауға жақсырақ дайындалады; Заңнамалық, саяси және институционалдық база еуропалық стандарттарға, атап айтқанда Еуропалық спорт хартиясына, Еуропа Кеңесінің Допингке қарсы конвенциясына және Маколин мен Сен-Ден конвенцияларына сай келеді; Тиісті органдар спорттағы адалдық пен риясыздықты және лайықты басқару ісін жақсартуға, спорттың қауіпсіздігін, ондағы әдепті және оған баршаның қатысуын арттыруға бағытталған жан-жақты стратегияларды қабылдайды және жүзеге асырады. | <p>→ Спорттық конвенциялар</p> <ul style="list-style-type: none"> Маколин және Сен-Дени конвенцияларына толық қосылу үшін ұлттық билік органдары қабылдаған нақты қадамдар мен шаралар; Заңнамалық, саяси және институционалдық база еуропалық стандарттарға, атап айтқанда Еуропалық спорт хартиясына, Еуропа Кеңесінің Допингке қарсы конвенциясына және Маколин мен Сен-Ден конвенцияларына қаншалықты сай келеді; Спорттағы адалдықты және лайықты басқаруды жақсарту үшін тиісті билік органдары қабылдаған стратегиялар саны. |
| <p>Демократия Тақырыптық нәтиже: Азаматтардың мүддесінде қоғамды демократияландыру жеделдетіледі, ал шешім қабылдаудың жергілікті демократия және шешімдерді демократиялық жолмен тетіктері еуропалық стандарттарға сәйкес күшейтіледі</p> | |
| <p>Осы саладағы іс-қимыл Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму бойынша 16-шы мақсатын іс жүзіне асыруға үлес қосады</p> | |
| <p>Нәтижелер</p> <p>3.1 ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯ</p> <ul style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасы Парламентінің мүшелері ортақ құқықтық аймақ құруға үлес қосуға бағытталған Еуропа Кеңесінің мүше емес мемлекеттер үшін ашық конвенцияларымен танысады; Қазақстан Республикасы Парламентінің жұмысы демократиялық қағидаттарға сәйкес жақсарады; Парламент мүшелерінің көппартиялы жүйеде жұмыс істеу мүмкіндіктері артады. <p>3.2 ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ</p> <ul style="list-style-type: none"> жергілікті басқару мен қоғамдық басқару саласындағы құқықтық база жетілдіріледі; | <p>Көрсеткіштер</p> <p>3.1 ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯ</p> <ul style="list-style-type: none"> Еуропа Кеңесінің мүше емес мемлекеттер үшін ашық конвенцияларымен және тиісті қосылу процедурасымен танысқан Парламент мүшелерінің саны; Қазақстан Парламентінің жұмысын демократиялық қағидаттарға сәйкес жақсарту мақсатында ол қабылдаған нақты шаралар саны; Қазақстан Республикасы Парламентінің мүшелерінің көппартиялы жүйеде жұмыс істеу мүмкіндіктері қаншалықты артады. <p>3.2 ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ</p> <ul style="list-style-type: none"> Жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік басқару саласындағы нормативтік-құқықтық базаның Еуропа Кеңесінің стандарттары мен озық іс-тәжірибесіне сәйкес келу дәрежесі; |

- жергілікті және өңірлік билік органдарының ұлттық қауымдастығы құрылады;
- орталық және аумақтық билік орындары арасында диалог жүргізу оңайлайды;
- Жергілікті басқару саласындағы озық іс-тәжірибе насихатталады.

- жергілікті және өңірлік билік органдарының ұлттық қауымдастығын құру үшін қабылданған нақты қадамдар;
- орталық және аумақтық билік орындарының арасындағы ынтымақтастық деңгейі;

II ҚОСЫМША: ТӘУЕКЕЛДЕР ТІЗІЛІМІ

| Тәуекелдердің сипаттамасы | Тәуекелдерді бәсеңдету стратегиялары |
|---|--|
| Саяси және институционалдық мәнмәтінмен байланысты тәуекелдер | |
| <ul style="list-style-type: none"> • заңнамалық және (немесе) институционалдық реформаларды ілгерілету үшін ұлттық субъектілер мен тиісті мүдделі тараптардың арасында жеткілікті бейіл мен үйлестірудің болмауы; • Жеткілікті бейілдің болмауы өзгертулер туралы теріс түсініктерге әкеледі; • Реформаларды ішінара жүргізу және оларды қоғамның жекелеген топтарында жүргізуге қарсы әрекет ету; • Жүргізіліп жатқан реформаларға саяси күштердің ықпалының күшеюі. | <ul style="list-style-type: none"> • Заңнамалық және нормативтік базаның Еуропа Кеңесінің стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуде ұлттық билік органдарына қолдау көрсету; • Мекемелердің осы стандарттарды жүзеге асыру бойынша әлеуетін күшейту, халықтың осы стандарттар туралы хабардарлығын арттыру; • Ұйымның стандарттарын халықтың арасында насихаттайтын институционалдық серіктестердің хабардарлығын арттыру; • Атқарушы биліктің түрлі тармақтары мен азаматтық қоғамдағы реформаларды жақтаушылардың арасындағы байланыс пен ынтымақтастыққа ықпалдасу. |
| <ul style="list-style-type: none"> • Қоғамның ара жігінің ашылуының күшеюі; • Реформаларды жүргізу үшін саяси ерік жеткіліксіз; • Саяси мәнмәтіннің немесе бағыттың өзгеруі, басшылықтың ауысуы немесе қызметкерлердің ротациясы, және осының бәрінің бұрын көрсетіліп келген қолдаудың тұрақтылығына және ағымдағы жобаның нәтижелері мен бастамаларына кері әсер етуі. | <ul style="list-style-type: none"> • Нысаналы топтарға стандарттарды қолданудың маңызын жеткізу үшін олардың хабардарлығын арттыру; • бағдарламаның нәтижелері үшін жауапкершілікті арттыру; • Институционалдық жадыны, бағдарламалар үшін жауапкершілік пен сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында іс-шараларды әкімші қызметкерлермен тығыз ынтымақтаса отырып жүргізу; • Халықаралық серіктестермен (атап айтқанда ЕО) тәуекелдерді бәсеңдету стратегиясын талқылау. |
| Жобаларды/бағдарламаларды жүзеге асыруға байланысты тәуекелдер | |
| <ul style="list-style-type: none"> • халықаралық серіктестердің арасында жобалардың/бағдарламалардың басымдықтары мен ауқымына қатысты бәтуаластықтың болмауы; • серіктес мекемелер арасындағы жұмыстың жеткіліксіз үйлестірілуі және ұсынылған өзгертуларды тым ұзақ қабылдау; | <ul style="list-style-type: none"> • басымдықтар мен мақсаттарды тоғыстыру үшін халықаралық серіктестермен жұмысты кеңірек үйлестіру; • заңнамалық және нормативтік базаны қайта қарауға және осы саладағы әлеуетті өсіруге баса көңіл бөлу; • Еуропа Кеңесінің шектеулі шұғыл әлеуетін халықаралық серіктестермен ынтымақтастық арқылы толықтыру; |

| | |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> • Еуропа Кеңесінің іс-қимыл әлеуетінің шектеулі болуы; • гендерлік стереотиптер жобаларды/бағдарламаларды іске асыруға теріс ықпал етеді; • мүше емес мемлекетпен жұмыс тәжірибесінің болмауы, бұл өзгертулерді іске асыру үшін көп уақыт пен күш-жігерді талап етеді; • Тәжірибенің болмауынан тиісті мүдделі тараптарды анықтауға көп уақыт кетеді. | <ul style="list-style-type: none"> • тиісті тұжырымдамаларды әзірлеу мақсатында гендерлік факторларды ескере отырып (әсіресе сыртқы сарапшыларды жалдау жолымен), жоба материалдарын тарату мен бағалауды жүргізу; • Жинақталған тәжірибенің негізінде ынтымақтастықты анағұрлым тиімді етудің жаңа жолдарын табу. |
| <ul style="list-style-type: none"> • Бенефициарлардың жұмыс ауқымына байланысты кейбір жобалардың/бағдарламалық іс-шараларды жүзеге асырудың кешіктірілуі немесе кейінге қалдырылуы. • Тиісті мүдделі тараптар мен бенефициарлардың ұсынылған/көрсетілген техникалық көмекке баяу көңіл аударуы. | <ul style="list-style-type: none"> • Еуропалық одақтың елдегі делегациясын уақтылы хабардар ету; • жобалар/бағдарламалар бойынша жоспарларды қайта қарау және нақты жағдайларға бейімдеу; • Уақтылы жүзеге асыруды жеделдету үшін тиісті мүдделі тараптармен және бенефициарлармен жұмысты кеңірек үйлестіру. |
| <ul style="list-style-type: none"> • билік орындары Венециялық комиссиядан құқықтық сараптаманы сұратуды қаламайды; • ұлттық биліктің реформаларды (әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыс деп тану, ақпарат бостандығы) жүргізуді қаламауы; | <ul style="list-style-type: none"> • процедуралар мен жасалған ықпалды түсіндіру арқылы билік орындарымен жұмыс істеу; • Реформалардың артықшылықтары және олардың азаматтардың өмірін қалай жақсартатыны туралы мамандар мен жұртшылықтың хабардарлығын арттыру; • Еуропа Кеңесінің конвенциялары мен мемлекеттік сектордың реформаларының артықшылықтарын насихаттау мақсатында тиісті конвенциялар бойынша семинарлар ұйымдастыру. |
| <ul style="list-style-type: none"> • Венециялық комиссияның ұсыныстамалары орындалмайды және (немесе) әрекеттерді түзету сапасы төмен. | <ul style="list-style-type: none"> • Венециялық комиссияның ұсыныстамаларын түсіндіру үшін қатысушылардың кең ауқымымен түзету шараларын ұйымдастыру. |
| <ul style="list-style-type: none"> • қосарлы әрекеттің алдын алу және бағдарламалардың арасындағы қимыл бірлігін қамтамасыз ету үшін ұлттық және халықаралық серіктестермен жұмысты үйлестіру тетіктерінің тиімділігі жеткіліксіз; | <ul style="list-style-type: none"> • Басқа халықаралық ұйымдармен жергілікті жерлердегі жұмысты үйлестіру және оларды алдағы іс-шаралар туралы хабардар ету; |

| | |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> Жұмысты басқа халықаралық ұйымдардың қайталауы. Кейбір халықаралық ұйымдар Омбудсмен кеңсесі мен Конституциялық соттың қызметіне ұқсас қызметті жүзеге асырады, бұл жобалардың/бағдарламалардың қосылған құнына әсер етеді; | <ul style="list-style-type: none"> Жобалар немесе бағдарламалар бұрыннан үйлестірілетін халықаралық серіктестермен жүргізілетін іс-шаралар санын көбейту. Реформаларды бірлесіп батылырақ жеткізу, көбірек экономикалық тиімділігін насихаттау және олардың мойындалуын арттыру. |
| <ul style="list-style-type: none"> ЗАОБ курстар каталогындағы кейбір тақырыптарды абайлап қарастыру керектігі; лайықты ұлттық нұсқаушылардың болуы; ұлттық тілдерге жедел әрі жоғары сапалы аударма жасау үшін жеткілікті мүмкіндіктер. | <ul style="list-style-type: none"> Мақсатты елдердің қажеттіліктеріне және мәнмәтініне сәйкес ЗАОБ курстарын таңдауда серіктестермен тығыз ынтымақтаса жұмыс істеу; Серіктестерге оқытушыларды таңдауда қолдау көрсету және ең үздік аударма қызметтерін таңдау бойынша ақыл-кеңес сұрау. |

Хат-хабар алмасуға байланысты тәуекелдер

| | |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> негізгі ұлттық және халықаралық серіктестердің, мақсатты топтар мен жалпы жұртшылықтың елде өткізілетін реформаларға Еуропа Кеңесінің қосып жатқан үлесі туралы хабардар болмауы; Еуропа Кеңесі мен Еуропа Одағын бір-бірімен шатастыру. | <ul style="list-style-type: none"> Кәсіпқой топтарға, халықаралық серіктестер мен қалың жұртшылыққа Еуропа Кеңесінің реформаларға қосқан үлесі туралы ақпарат беру (соның ішінде веб-сайтты тұрақты түрде жаңғыртып отыру және ақпараттық бюллетендер тарату арқылы) байланыс жасау қызметінің ауқымын кеңейту; Негізгі мүдделі тараптардың ұйымның жұмысына деген ынтымақын оятуға түрткі болу үшін әр бағдарламаға өзінің төл байланысу стратегиясын беру; Бірлескен бағдарламаларды жүзеге асыру кезінде Еуропа Одағы мен Еуропа Кеңесінің арасында өзара келісілген көрнекілік ережелерін қолдану. |
| <ul style="list-style-type: none"> Жобалардың/бағдарламалардың басымдықтары мен ауқымына қатысты халықаралық серіктестердің арасында көлегейсіздік пен келісімнің болмауы. | <ul style="list-style-type: none"> Ұйым мен демеушілердің реформаларға қосқан үлесі туралы кәсіпқой мамандардың топтарын, халықаралық серіктестер мен қалың жұртшылықты хабардар ету мақсатында хабар алмасу ауқымы мен дәйектілігін арттыру. |
| <ul style="list-style-type: none"> Еуропа Кеңесінің көбінесе дәстүрлі және отбасылық құндылықтарға қайшы келеді деп қабылданатын Ыстамбұл конвенциясы сияқты конвенцияларына қатысты жалған ақпарат. | <ul style="list-style-type: none"> Жалған ақпаратты жоққа шығарып, Еуропа Кеңесінің конвенциялары туралы хабардарлықты арттыру үшін хат-хабар тарату жұмысын ретке келтіру. |

Кадрларға байланысты тәуекелдер

| | |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> • жергілікті кадрларды (негізінен кеңесшілерді) тарту мақсатында басқа халықаралық ұйымдармен бәсекелесу; • Жергілікті жерлерде бөлімшенің болмауы адами ресурстардың жетіспеуіне әкеледі. | <ul style="list-style-type: none"> • Жергілікті жерлерде қызметкерлерді іріктеуде Ұйымның бәсекелесу қабілетін арттыру жолдарын талқылауды жалғастыру; • Қызметкерлерді іріктеу процедураларын мүмкіндігінше алдын ала пайымдау. • Өңірде жергілікті бөлімше құру және жергілікті қызметкерлерді жұмысқа қабылдау. |
| Қаржы-қаражатқа байланысты тәуекелдер | |
| <ul style="list-style-type: none"> • көршілес елдермен ынтымақтастықтың басымдықтарын іске асыру үшін жеткілікті қаржыландырудың болмауы; • жұртшылықтың дұрыс қабылдамауын өзгерту үшін ұлттық билік органдарымен Ыстамбұл конвенциясы бойынша ұзақ мерзімді әрекеттестік үшін жеткілікті қаржыландырудың болмауы. | <ul style="list-style-type: none"> • Елдің ішінде және штаб-пәтерден үйлестірілген негізде ресурстарды жұмылдыруға жұмсалатын күш-жігерді арттыру; • қолда бар ресурстарды неғұрлым тиімді үлестіру арқылы бірлескен іс-қимыл жасау үшін мол әлеуеті бар жобаларды/бағдарламаларды қаржыландыру; • Еуропа Кеңесінің конвенцияларын насихаттау мақсатында ұлттық билік органдарымен ұзақ мерзімді әрекеттестікті нығайтуға арналған ресурстарды тарту. |
| <ul style="list-style-type: none"> • Тақырыптың күрделілігі тұрғысынан алғанда мекемелердің оны түсіну қабілетінің болмауы; • әсіресе техникалық көмек көрсететін басқа ұйымдармен бәсекелестік тұрғысынан алғанда, білікті қызметкерлерді ұстау деңгейінің төмендігі. | <ul style="list-style-type: none"> • қатысушылардың арасындағы және демеушілермен арадағы жұмысты үйлестіруді нығайтуға көбірек күш салу; • Жобаларға/бағдарламаларға қаражатты қосымша құнмен бірге бөлу; • Демеушілерді тарту мен сақтап қалу мақсатында жобалау, жүзеге асыру, нәтижеге негізделген қадағалау және есеп беру әдістерін жақсарту үшін серіктестер мен демеушілерден түскен ескертпелерге жауап беру және оларды ескеру. |

III ҚОСЫМША: ҚАРЖЫ-ҚАРАЖАТ КЕСТЕСІ
(Барлық сомалар еуроға көрсетілген)

| Секторлар | Жалпы бюджет |
|--|---------------------|
| Адам құқықтары | 4 118 199 |
| Адам құқықтарын қорғау | 3 218 199 |
| Теңдік және адамның абыройы | 900 000 |
| Заңның үстемдігі | 3 537 230 |
| Заңның үстемдігіне негізделген мекемелер | 444 121 |
| Қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың қауіпсіздігі және оларды қорғау | 3 093 109 |
| Демократия | 400 000 |
| Демократиялық басқару жүйесі | 400 000 |
| Үйлестіру | 64 571 |
| Үйлестіру – ортақ құқықтық кеңістік | 46 479 |
| Жалпы басқару шығындары | 18 092 |
| БАРЛЫҒЫ | 8 120 000 |

IV ҚОСЫМША: ВЕНЕЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ДАЙЫНДАҒАН ПІКІРЛЕР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ

- 425/2007 – Қазақстан Республикасындағы Омбудсмен институтын қайта құру ықтималдығы бойынша қорытынды
- 557/2009 – Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің Еуроазиялық экономикалық қоғамдастықтағы Кедендік Одаққа қатысуға қатысты Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру бойынша сарапшылық қорытынды
- 629/2011 – Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы конституциялық заң бойынша бірлескен қорытынды
- 841/2016 – Сот этикасы туралы кодекс жобасы бойынша қорытынды
- 871/2017 – Қазақстан Республикасының әкімшілік процедуралар туралы заң жобасы бойынша қорытынды
- 882/2017 – Конституцияға түзету енгізу бойынша қорытынды
- 931/2018 – Әкімшілік сот өндірісі мен әділсот жобасы бойынша қорытынды
- 938/2018 – Жоғары сот кеңесі бойынша тұжырымдамалық құжат
- 1023/2021 – Конституциялық Кеңестің құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі тұжырымдамалық құжат бойынша қорытынды
- 1056/2021 – "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" заң жобасы бойынша қорытынды
- 1099/2022 – "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы" конституциялық заң жобасы бойынша қорытынды

V ҚОСЫМША: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕУРОПА КЕҢЕСІНІҢ ТИІСТІ КОНВЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ІШІНАРА КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚОСЫЛУ КҮЙІ

1. Конвенцияларға қатысу

| Қосылу | | |
|-----------------|--|---|
| ETS 018 | Еуропалық мәдени конвенция | 05.03.2010 |
| ETS 127 | Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенция | 01.08.2015 |
| ETS 141 | Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алу және тәркілеу туралы конвенция | 01.01.2015 |
| ETS 165 | Еуропа өңірінде жоғары білім беруге жататын біліктілікті тану туралы конвенция | 01.02.1999 |
| Қатысуға шақыру | | |
| CETS 210 | Еуропа Кеңесінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы конвенциясы | Қатысуға шақырылды МК 1374-ші отырысы 22.04.2020 |
| ETS 185 | Киберқылмыс туралы конвенция | Қосылу туралы ұсыныс жасалды МК 1464-ші отырысы, 19.04.2023 |
| ETS 173 | Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенция | Қатысуға шақырылды МК 1438-ші отырысы 30.06.2022 |

2. Кеңейтілген келісімдер, кеңейтілген ішінара келісімдер, ішінара келісімдер

| Атауы | Күйі |
|---|--------------------------------|
| Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венециялық комиссия) | Мүше 13.03.2012 жылдан бері |
| Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы (ГРЕКО) | Мүше 01.01.2020 жылдан бері |

3. Жетекші және арнайы комитеттерге қатысу

| Түрі | Комиссияның атауы | Күйі |
|-----------------|--|----------|
| Арнайы | Еуропалық Өлеуметтік бірігу платформасы (ЕӨБП) | Қатысушы |
| Арнайы | Еуропалық Прокурорлардың консультациялық кеңесі (ЕПКК) | Қатысушы |
| Жетекші комитет | Білім беру саясаты мен іс-тәжірибесі бойынша жетекші комитет (БСІЖК) | Мүше |
| Арнайы | Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің Еуропалық арнайы комитеті | Мүше |
| Жетекші комитет | Жастар ісі бойынша Еуропалық жетекші комитет | Мүше |
| Арнайы | Жастар ісі бойынша консультациялық кеңес | Мүше |
| Арнайы | Жастар ісі бойынша бірлескен кеңес | Мүше |
| Жетекші комитет | Мәдениет, Мұра және ландшафт бойынша жетекші комитет | Мүше |
| Жетекші комитет | Фармацевтика және фармацевтикалық емдеу бойынша еуропалық комиссия (ішінара келісім) | Қатысушы |
| Жетекші комитет | Қан құю бойынша Еуропалық комиссия (ішінара келісім) | Қатысушы |
| Жетекші комитет | Ағзаны ауыстырып салу бойынша Еуропалық комиссия (ішінара келісім) | Қатысушы |
| Жетекші комитет | Тағамға жанасатын материалдар мен бұйымдар бойынша комитет | Қатысушы |
| Жетекші комитет | Косметикалық бұйымдар мен тұтынушылардың денсаулығы жөніндегі комитет | Қатысушы |

4. Конвенция бойынша құрылған комиссияларға қатысу

| Атауы | Күйі |
|--|-----------------|
| Мемлекетаралық телевизия жөніндегі тұрақты комитет | Байқаушы |
| Допингке қарсы конвенцияның қадағалаушы тобы | Байқаушы |
| Спорттық шаралардағы, әсіресе футбол матчтарындағы көрермендердің зорлық-зомбылығы мен жөнсіз әрекеттері туралы Еуропалық конвенцияның тұрақты комитеті | Байқаушы |
| Еуропа Кеңесінің/Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет ұйымының (ЮНЕСКО) Еуропа өңірінде жоғары білім беруге қатысты біліктілікті тану туралы конвенциясы бойынша комитеті | Байланыс тарапы |
| Академиялық ұтқырлық пен құптау бойынша ұлттық ақпараттық орталықтардың еуропалық желісі (ҰАОЕ желісі) | Байланыс тарапы |
| Шартты қол жеткізуге негізделген немесе содан құралатын қызметтерді заң жүзінде қорғау бойынша Еуропалық конвенцияны жүзеге асыру бойынша көп жақты кеңесші мәжіліс | Байқаушы |
| Дыбыстық-бейнежазба мұраны қорғау туралы Еуропалық конвенция бойынша Тұрақты комитет | Байқаушы |

5. Кеңесші органдарға қатысу

| Атауы | Күйі |
|--|----------|
| Құқықтық ынтымақтастық жөніндегі Еуропалық комитет (ҚЫЕК) | Байқаушы |
| Еуропалық Судьялардың консультациялық кеңесі (ЕСКК) | Байқаушы |
| Әділсоттың пәрменділігі жөніндегі Еуропалық комиссия (ӘПЖЕК) | Байқаушы |
| Құқықтық ынтымақтастық жөніндегі еуропалық комитет (ҚЫЕК) | Байқаушы |

Еуропа Кеңесі
Бағдарламалар Бас дирекциясының бюросы

Avenue de l'Europe
F-67075 Strasbourg Cedex
E-mail: dpc@coe.int
www.coe.int/programmes



www.coe.int

Еуропалық Кеңес – континенттің жетекші құқық қорғау ұйымы. Оның құрамына 46 мүше мемлекет, соның ішінде Еуропа Одағының барлық мүшелері кіреді. Еуропалық Кеңеске мүше барлық мемлекеттер Адам құқықтары жөніндегі еуропалық конвенцияға – адам құқықтарын, демократияны және заңның үстемдігін қорғауға арналған шартқа қол қойды. Адам құқықтары жөніндегі еуропалық сот Конвенцияның мүше мемлекеттерде жүзеге асырылуын қадағалайды.